



● ҚАЗАҚСТАН – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

"Менің елім – Мәңгілік ел"



Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылып жатқан "Менің елім – Мәңгілік ел" атты республикалық жастар акциясы Қостанайда өтті. Акция Талдықорған қаласынан бастау алған. Айтулы шара барысында Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов құттықтау сөз

сөйледі.

– "Тәуелсіздіктің жиырма бес шыңы – 25 жұлдызды күн" акциясы шеңберінде түрлі іс-шаралар өткізілуде. Бұл шараның мақсаты – "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық патриоттық идеясы мен оның құндылықтарын қазақстандық қоғамда, әсіресе, жастар арасында ілгерілету, Тәуелсіз еліміздің дамуында барлық аймақтардағы жастардың қосқан үлесін және дәрежесін көрсету. Міне, бұл акцияға Қостанай жас-

тары да үн қосып отыр. Жастар – біздің болашағымыз. Сіздердің аз ғана жетістіктеріңіз осынау "Мәңгілік Ел" жастарының кітабына еніп отыр. Жастардың толайым табыстарының арқасында ғана Ұлы Дала елін сақтап қала аламыз, – деді ол.

4-бет

СУРЕТТЕ: "Менің елім - Мәңгілік ел" атты республикалық жастар акциясы
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Жеңе біліп қиындықты қайратымен...



Гүлназым САФИТОВА

– Бүгінгі таңда мемлекетіміздің, соның ішінде облысымыздың өркендеуіне, экономикалық, әлеуметтік, саяси жағынан дамуына төрт жарым мыңға жуық белсенді қыз-келіншектеріміз іскерлігімен, жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен, белсенділігімен үлестерін қосып отыр. Осы қыз-келіншектеріміздің жетпіс пайызы педагог, сексен пайызы

медицина саласында дәрігер мен медицина қызметкері болып жұмыс істейді. Сол секілді біздің облысымызда да нәзік жанды қыз-келіншектеріміз аймақтың экономикалық, әлеуметтік және саяси өміріне белсене араласып, өздерінің іскерліктерін көрсетуде. Үстіміздегі жылы барлық деңгейде өткен мәслихат сайлауында әйелдеріміздің жеткен жеңісі отыз екі пайыз. Ал, шағын және орта бизнестегі бел-

сенді қыз-келіншектеріміздің 43 пайызы басшы-жетекшілер қатарында. Өздеріңіз білесіздер, мысалы, көп жылдардан бері "Большевичка" тігін фабрикасын Татьяна Салманованы, "Сұлтан" ательесін Мәлике Төлемісованы, өңіріміздегі шаруа қожалықтарының бірін басқарып отырған Раиса Беккерді және тағы басқа да а нәзік жандыларды атап өтуге болады.

3-бет



СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Жасыл
Черный

"Ел сенімі Елбасында"



Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанай
қаласындағы
Н.Островский

атындағы кітапханада "Ел сенімі Елбасында" атты алғашқы Президент оқулары өтті. Сайысқа қаладағы жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Іс-шара "Жұлдыз" студиясының орындауындағы күймен басталды. Ары қарай қатысушылар ортаға шығып, өнер көрсетті. Бірінші бөлімде жас ақындар Елбасыға арнау оқыды. Екінші бөлімде Н.Ә. Назарбаевтың сөзіне жазылған әндер шықалды. Ал үшінші бөлімде тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойына арналған белгілі ақын-жазушылардың өлеңдерін мөнерлеп, жатқа айтты. Байқаудың қорытындысында әр аталым бойынша жеңімпаздар анықталып, Алғыс хаттармен марапатталды. "Елбасына мен бір арнау айтайын" аталымында Махаббат Жарбосина, "Ертеңім елім – Елбасы" аталымында Тоқжан Нышанбаева, "Тәуелсіздік – тұмарым" аталымында Айым Нұрман 1-орынға ие болды.

СУРЕТТЕ: байқаудың қатысушылары.

Франциялық қонақтар мешітте болды



Қазақстан егемендік алғалы бері өзге елдермен қарым-қатынас барынша нығайды. Жоғары оқу орындарының білікті мамандары да тәжірибе алмасып, болашақ жан-жақты кадрлардың толыққанды білім алуына қолдан келген жағдайдың бәрі де жасалуда.

Қазіргі таңда өңіріміздің маңдай алды оқу орындарының бірі – Қостанай мемлекеттік Ахмет Байтұрсынов университетіне сонау Франциядан дәріс беруге келген Dr Gaelle Roudaut пен Frederic Debeaufort өз саласының білікті тұлғалары.

Олар жуырда Қостанай шаһарындағы Аймағанбет Спанұлы атындағы облыстық мешітте болып, жаңадан пайдалануға берілген киелі орынмен танысты.

Мешіттің наиб имамы Бақытжан Икрам қонақтарға бұл күндері облыс жұртшылығының парасат ордасына айналған мешіттің имандылыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа баулудағы тындырып жатқан жұмыстары жайлы жан-жақты айтып берді.

ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкілдігінің баспасөз қызметі.

● ГАЗЕТ – ДОСЫҢ, СЫРЛАСЫҢ

Басылымға жазылу күні өтті

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Қазір баспасөзге жазылу науқаны өңірде қызу жүріп жатқаны белгілі. Облыстағы беделді әрі белді басылым өкілдерінің қатысуымен Федоров ауданында "Баспасөзге жазылу күні" іс шарасы өтті. Өкімдіктің және "Қаз-пошта" АҚ аудандық байланыс торабымен бірлесіп ұйымдастырған шара өңірлік басылымдардың бағытын ілгерілету мақсатында қолға алынған еді.

Әп дегеннен тартымды өткен мерекелік басқосуға халық көп жиналды. Әр басылым өкілдері викториналар ұйымдастырып, жазылушыларға өз басылымының тарихы, өткені, болашағы туралы әңгімелеп берді. Жиналған жұрт журналистерге сауал қойып, көкейде жүрген ойларын айтты.

Іс шара соңында олар өздерінің сүйікті басылымдарына жазылып, келер жылға журналистерден ойлы, қызықты айдарлар күтетінін, халықтың мұң-мұқтажын көрсетіп, мәселесін қозғайтын мақалалар санын арттыруды талап етті.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көріністер.
Суретті түсірген Сергей МИРОНОВ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Архимед МҰХАМБЕТОВ:

"Әр салада тұрақтылық сақталсын"

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Облыс әкімдігінде өткен кеңейтілген мәжілісте тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жоспары, облыстағы жол жағдайы және 12 жылдық білім беру жүйесіне көшудегі мәселелер қозғалды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетов тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының 2016-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарымен таныстырды.

– Алдағы уақытта ТКШ саласына бірыңғай техникалық саясатты, былайша айтқанда тоқырауға ұшырамайтын тарифтерді енгізуді қолға алсақ дейміз. Бұл жылу, жарық жүйелеріндегі қызметтің сапасын жақсартады. Дегенмен, мұның маңыздылығын ескеріп, тағы да талқылайық. Инвестициялық бағдарламалар арқылы жылу-энергетикалық желілерді жөндеуді де басты міндетімізге аламыз. Мендегі дерек бойынша 2 жылда 13 жоба жүзеге асырылуы тиіс. Қазіргі уақытта жарық жүйесінде де сәл кедергілер бар. Олардың арасында шалғай аймақтардағы қараусыз қалған жарық, жылу желілерін атауға болады. Аудан, ауыл әкімдері осыны қолға алып, қажетті желіні мемлекетке өткізсін, – деді ол. – Қалалардың орталықтандырылған су желісіне қосылуы 97,4% болса, ауылдық жерлерде 29,9%. Өңірдегі 279 елді мекенде судың қоры сақталған. 2016-2017 жылдардағы жоспарға сәйкес, тағы да 104 ауылда қор сақтауымыз керек. Бұл да жіті назарда ұсталатын мәселе.

– Мен жақында іссапармен Арқалық қаласына бардым. Ондағы жылу-энергетикалық компаниясының жұмысына сын айттым. Оларда энергоаудит жасалған. Қаржы бөлінген. Ал өздері оны не үшін жоспарға кіргізгенін білмей отыр. Энергоаудит дұрыс жасалса, кез келген кәсіпорынның, ғимараттың энерго-тиімділігін анықтауға болады. Бұл дегеніңіз жұмыстың сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан әр мекеме энергоаудитті пайдалансын, – деді Архимед Мұхамбетов.



Ал облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк Қостанай облысының жол жағдайын баяндады. Облыстық маңызы бар Адаев-Аралкөл, Ұзынкөл-Сарыкөл, Арқалық-Торғай тас жолдары жөнделмек. Жолдардың қысқы маусымға өзіндігі де сөз болды. Ауа-райының қолайсыздығы салдарынан, әсіресе, оңтүстік аудандарға көлік қатынасының қиындайтыны белгілі. Былтырғы жылы апатты жағдайлар да шамадан тыс орын алған екен. Сол себепті биыл қыс біткенше 450 техника жолда жүретін болады, оның 76-сы республикалық маңызы бар жолдарға арналған. Оларда ғаламтормен байланыстырылған бағдарлама орнатылған. Қар көп алатын аумақтар үнемі бақылауда

ұсталады.

Облыстық білім басқармасының басшысы Бәтима Даумованың айтуынша, қаладағы №10 мектеп пен Алтынсарин ауданындағы Свердлов орта мектебінде 12 жылдық білім берудің пилоттық жүйесі енгізілді. Ондағы мақсат – тиімділік пен кемшін тұстарды анықтау. Бұл жүйеге толықтай көшу үшін мектепалды даярлық сыныптардың деңгейін білу маңызды. Ал қазір облыста небары 443 шағын орталық жұмыс істейді. Онда 12163 бала тәлім алады.

– Компьютермен қамтамасыз ету бойынша да мәселелер жетерлік. Мәселен, компьютердің қажеттілігі Арқалықта 89,5%, Жанкелдин ауданында 85,9%-ды құрап отыр. 2016 жылдың аяғына дейін 1190 мұғалім біліктілік санаты курсынан өтеді. Тұрғындар арасында талқыға түсіп келе жатқан ҰБТ форматының өзгергенін айта кетейік. Енді түлектер, алдымен, өз мектептерінде сынақ тапсырса, ЖОО бөлек емтихан қабылдайтын болады, – деді басқарма басшысы. Жиын соңында Архимед Мұхамбетов қала, аудан басшыларына баяндамаларда айтылған мәселелер турасында нақты тапсырмалар берді.

СУРЕТТЕ: кеңейтілген жиыннан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖҰЗБАЙ.



EXPO 2017
Future Energy
Astana Kazakhstan

кермен кездесті.

Басқосу барысында екі жақ Америка Құрама Штаттарының халықаралық мамандандырылған көрмесінде қатысу мәселесі талқыланды.

Кездесуде А.Есімов америкалық делегация өкілдеріне "ЭКСПО-2017" халықаралық көрмесіне дайындық барысының соңғы кезеңі туралы баяндады. "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" АҚ басқармасының төрағасы құрылыс жұмыстары кестеге сәйкес жүргізіліп жатқанын хабарлады.

"Франция, Германия, Қытай, Түркия және Венгрия елдерінің өкілдеріне павильондар беріліп те қойды. Сондай-ақ, қатысушы мемлекет қызметкерлеріне пәтерлер де дайын. Алда тақырыптық павильондар құрылысын аяқтау міндеті тұр. АҚШ павильоны тапсыруға дайын", – деді А.Есімов.

"АРСО" компаниясы америкалық павильонның ашылуы бойынша жұмыстарды атқару үшін таңдалды. Біздер барлық ұйымдастырушылық мәсе-

Америка павильоны ұйымдастырылмақ

"Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы Басқарма Төрағасы Ахметжан Есімов "АРСО Worldwide" компаниясының атқарушы вице-президенті Дон Бон-



лелермен, айталық павильон дизайны, контенті, оны ілгерілету жұмыстарымен айналысатын болады" – деді Дон Бонкер.

Бүгінгі таңда Астана "ЭКСПО-2017" көрмесіне қатысуын 106 мемлекет растады, 101 мемлекет өз комиссарларын таңдады, 90 мемлекет қатысу келісімшартына қол қойды.

Айта кету керек, халықаралық мамандандырылған көрме Астана қаласында 10 маусым мен 10 желтоқсан аралығында өткізілетін болады.

● АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Жаңа жоба талқыға түсті

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Қостанай облысының шаруаларымен өткен кездесуде Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов жаңа мемлекеттік бағдарламада қарастырылған мәселелер туралы мәлімдеді. Жаңа бағдарлама аясында егіс алқаптарын әртараптандыру жалғастырылатын болады. Бидай алқаптары 2,3 млн гектарға дейін қысқартылады.

— Биылғы жылдың 9 қыркүйегіндегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Үкіметке жыл соңына дейін АӨК мемлекеттік бағдарламасын әрекет етуші "Агробизнес-2020" үкіметтік бағдарламасы негізінде әзірлеуді тапсырған еді. Елбасы атап өткендей, ауыл шаруашылығы саласы Қазақстан экономикасының драйверіне айналады. Бүгінгі таңда агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы халық талқысынан өтуде, — деді А.Мырзахметов.

АӨК дамыту мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасы аясында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстанның ауыл шаруашылығы жағдайына талдау жүргізді. Талдау мал шаруашылығы саласында балық, құс еті, шұжық, ірімшік, сүзбе, май өндіру мен қайта өңдеудің төмен деңгейде екендігі және сәйкесінше аталған өнімдердің импорты жоғары екені анықталды (33%-дан 67%-ға дейін). Мұның өзінде, қой, сиыр еті жеткілікті дәрежеде өндірілетіні және экспорттық әлеуетке ие екендігі анықталды.

Өсімдік шаруашылығында макарон, өсімдік майы, көкөніс консервілері мен қанттың басым бөлігінің сырттан импортталатыны белгілі. Бұдан бөлек, А.Мырзахметов аталып өткен мәселелердің сыртқы саудадағы айырмаға кері әсер еткенін атап өтті (ауыл шаруашылығы өнімдері 2015 жылы — 2,1 млрд доллар, импорты — 3,4 млрд доллар).

Мемлекеттік бағдарламаның тағы бір мақсаты ауыл тұрғындарының табысын арттырып, нарыққа қажетті бәсекеге қабілетті АӨК өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ету болмақ. Әзірленіп



жатқан мемлекеттік бағдарламаның негізгі міндеттері: мал шаруашылығының тиімділігін 58%-ға және өсімдік шаруашылығының тиімділігін 40%-ға арттыру, тауарлы өндіріске 670 мың ұсақ өндірушіні тарту және өнімдерді өткізу мен өңдеудің пәрменді жүйесін құру үшін ауқымды ауыл шаруашылығы кооперацияларын дамыту, 600 мың га астам суармалы жерді айналымға тарту, АӨК-ні мемлекеттік реттеуді жетілдіру болады.

Сонымен қатар, бағдарламаны мемлекеттік форматқа қайта бекіту шеңберінде субсидиялау жүйесіне бірқатар түзетулер енгізу жоспарланған, бұл қазіргіден де көп мемлекеттік қолдау алушыларды қамтуға, осылайша оның тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Осы орайда, астықты өңірлердің өкілдері өсімдік шаруашылығына қатысты АӨК-ті дамыту шараларына басымдырақ ден қойды. А.Мырзахметов бидайды қайта өндірудің ерекшеліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірушілерін егіс алқаптарын әртараптандыруды жалғастыра беруге шақырды.

Мал шаруашылығы саласында мал азығымен қамтамасыз ету қажет. Осыған орай, елдік азықтық теңгерім әзірленіп, енгізілетін болады, азықтық дақылдардың алаңдары ұлғайтылады, құрама жемдерді өндіру және тұтыну ынталандырылады, сондай-ақ жайылымдарды пайдаланудың тиімділігін жоғарылату бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау

көрсету арқылы асыл тұқымды жануарлардың үлесін жоғарылату бойынша шаралар қабылданып болады.

Министр ауыл шаруашылығы техникалары жайлы айтып өтті. "Ауыл шаруашылығы техникасы паркін және құрал-жабдықтарының жаңартылуын жылдамдату инвестициялық субсидиялар (инвестиция салудан 25 %-ы) және несиелік мен лизингті пайыздық мөлшерлеме бойынша субсидиялау арқылы жүзеге асырылмақ.

Жұмыс тобының басшысы, министрдің кеңесшісі Төлеутай Рахымбеков хабарлағандай, мемлекеттік бағдарламада егін егу үлесін 64-тен 46 пайызға дейін жеткізу көзделген. Сондықтан топыраққа өнімділігін арттыруға шығындар жоғары сапалы тұқым материалын пайдалануға шығындар да ұлғайтылады. Майлы дақыл (1 млн га), арпа (900 мың га), сондай-ақ жүгері мен қант қызылшасын ұлғайту бойынша жұмыстар жандандырылды. Шара қорытындысында бидай өндіруге, оның өнімділігін арттыруға шығындар төмендейді. Өсімдік майы мен қантқа импорт 2,5 есеге төмендейді, қазақстандық өндірушілер осы тауармен сыртқы нарыққа шығады. Жаңа бағдарлама бойынша ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өзгерту нәтижесінде мемлекет көрсететін 122 миллиард теңге қаржылай көмек жоспарланған, 400 миллиард теңгеге өнім шығарылады.

**СУРЕТТЕ: жиыннан көрініс.
Суретті түсірген
Айбек ЖҮЗБАЙ.**

Жеңе біліп қиындықты қайратымен...

Осы залда отырғандардың қай-қайсысы болмасын еліміздің, облысымыздың қарыштап дамуына өздерінің үлестерін біріксідей қосып отыр, — деді өз сөзінде салтанатты жиынға қатысушы іскер қыз-келіншектерді айтулы датамен құттықтаған облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

Аймақ басшысының айтуынша, қазіргі кезде нәзік жандылардың алтауы облыстық департаменттердің жетекшісі болса, жетеуі қала мен аудан әкімінің орынбасарлары, ал, отыз бесі-селолық округтерді басқарады.

Салтанатты жиын барысында сөз сөйлеген ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі Раушан Сәрсембаева, Алматы қалалық әйелдер көшбасшылары мектебінің жетекшісі Роза Бадаева, Арқалық қаласы туберкулезге қарсы диспансерінің бас дәрігері Дәмеш Қосмұхамбетова, Қостанай облысы бойынша саясаткер әйелдер клубының төрайымы Римма Бектұрғанова қазіргі кезде қоғамдағы қыз-келіншектердің рөлі, осыдан жиырма жыл бұрын құрылған іскер әйелдер қауымдастығы

филиалының атқарған жұмыстары туралы, сол секілді тәуелсіздік жылдардан бері әйелдердің Қазақстанда мемлекетіміздің қалыптасуына, экономикалық дамуына бағытталған барлық саладағы реформалардың жүзеге асырылуына өз үлестерін қосқандығын, әлеуметтік-маңызы бар жүздеген жобаларды іске асырғандарын қысқаша айтып өтті.

Осы салтанатта қауымдастықтың бір топ қыз-келіншектері еліміздің, өңірдің дамуына қосқан зор үлестері үшін медальдармен, алғыс хаттармен және грамоталармен марапатталды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Ж.Қ.Асановтың ҮНДЕУІ

«Прокуратура туралы» Заңның 25-2 бабын басшылыққа алып, келесі үндеу жасаймын.

Әлемде 2 минут сайын 1 бала жыныстық зорлық-зомбылық көреді. Әрбір үшінші қыз 18-ге толғанша осындай жыныстық тиісуге ұшырайды.

Бұл ғаламдық проблема. Онымен барлық мемлекеттер күресуде.

Қазақстанда биыл 183 бала қылмыскерлердің құрбаны болды. Өткен жылдан әлдеқайда аз болса да (37% — 292), оны, әрине, құрғақ санмен өлшеу орынсыз. Әрбір жағдай — қоғам үшін үлкен трагедия, отбасына түскен қайғы-қасірет, баланың жанына салынған жазылмас жара.

Биылғы жылы мұндай қылмысы үшін 111 адам сотталды.

Аузынан ана сүті кеппеген баланы зорлау — нағыз азғындық. Мұндай қылмыс жасағандарды мемлекет аяусыз жазалайды — 20 жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру. Олардың жазасы жеңілдетілмейді. Сотталғандар уақытынан бұрын босатылмайды, амнистияға жатпайды, олармен ешқандай процестік келісім жасалмайды. Жаза мерзімін толық өтейді.

Мұндай қылмыскерлер балалармен жұмыс жасау құқығынан өмір бойына айырылады.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап химиялық кастрация қолданылмақ. Бұл дегеніміз қылмыскерлерді арнайы дәрі-дәрмектерді қабылдауға мәжбүрлейді.

Құқықтық статистика комитетінің infopublic.pravstat.kz сайтында педофилдердің картасы іске қосылды. Онда олардың фотосуреті мен анкетасы бар. Бұл сервисті кез-келген адам еркін пайдалана алады. Көп жағдайда қылмыскерлердің арам ниетін жүзеге асы-

руға негізгі себеп — ересектердің мұқиятсыздығы.

Санасы толық бекімеген, әр нәрсеге сенгіш, көнгіш жас бала сырттан келер қауіпті қайдан білсін? Сондықтан қараусыз қалған бұлдіршін — қылмыскерге оңай олжа.

Балаларымыздың дені сау, өмірі қауіпсіз болсын десек, **біріншіден**, әрбір ата-ана сақ болуы қажет. Үйде, аулада, мектепте, демалыс орындарында, жалпы қай жерде болмасын баланы үнемі бақылауда ұстаңыз.

Екіншіден, жеткіншектер қорлықты көбінесе танысы, тіпті жақыны, әкесі, ағасы сияқты адамдардан көреді. Балаға тиісу, алдау, күштеу әрекетін көрсеніз, дереу 102-ге хабарласып, шара қолданыңыз.

Үшіншіден, кейде болған істі айтпаймыз, жасырамыз, ұят болады дейміз. Бұл дұрыс емес.

Онымен қылмыстың жасырын, созылмалы түрге айналуына көмектесеміз. Сондықтан балаңыздың намысы аяққа тапталса, үнсіз қалмаңыз. Бірден құқық қорғау органына хабарлаңыз.

Төртіншіден, баланың араласып жүрген ортасы қандай, қай жерлерге жиі барады, интернетте кіммен дос, қандай сайттарда отыратынын байқап жүріңіз. Баламен жиі, ашық әңгімелесу — оны азғындардан қорғаудың ең тиімді амалы.

Бесіншіден, қауіпті жағдайда не істеу керектігін балаға түсіндіріп үйреткен жөн. Ондай ақпаратты интернеттен және жақын арада іске қосылатын «Прокурордың 100 кеңесі» деген мобильдік қосымшадан алуға болады.

Мұндай қылмыстардың алдын алу үшін тек мемлекеттің шаралары жеткіліксіз. Оған әрқайсысымыз жеке және бүкіл қоғам болып қарсы тұрайық.

Басты міндет — заңдылық

Бүгінгі таңда елімізде заңдардың билігі қамтамасыз етіліп, оны сақтау басты міндетке айналып отыр. Қай салада болсын заңдардың орындалуына қадағалау жасайтын прокуратура органдары адам құндылығын қорғау, оның конституциялық құқықтарын сақтауға ерекше назар аударады.

Уақыт пен заман өзгереді, бірақ прокуратура мемлекет пен оның азаматтарының мүддесін қорғауға әрқашан дайын. Заң мен құқықтық тәртіптің сенімді қорғаушылары, азаматтардың бостандығы мен конституциялық құқын қорғау, қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күресте заңдылықтың сақталуына, жалпы мемлекетте құқықтық саясатты жүзеге асыру бойынша міндеттерін ойдағыдай атқарып отыр.

Қостанай облысының табиғатты қорғау прокуратурасы да бұл бағытта өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз атқаруға күш салып келеді. Әсіресе, облысымыздың экологиясын сақтауға қатысты заң бұзушылықтарға жол бермеудің келелі міндеттерін ерекше назарда ұстайды. Әлемнің ең басты байлығы — табиғат десек, оның құндылығы мен сипатын қорғауға деген мақсат-мүдделер де әрқашан биік тұрады.

Осылардың негізінде 2016 жылдың өткен мерзімінде табиғатты қорғау прокуратурасымен Елбасының табиғатты қорғау саласында алға қойған мақсаттары жүзеге асырылуда және осы салада көзделген көптеген жұмыстар атқарылуда.

Солардың айғағы ретінде табиғат пайдаланушылармен қоршаған ортаға келтірілген залалдар бойынша 70 млн жуық теңге мемлекеттік бюджетке қайтарылды.

Қостанай облысының мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратурасы.

"Менің елім – Мәңгілік ел"

Акцияның негізгі символы "Мәңгілік Ел" жастарының жетістіктері - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына еңсе түзген егемендік жылдары жастардың қол жеткізген жетістіктері, оларға жасалған қамқорлықтар, "Мәңгілік Ел" патриоттық идеясы туралы пікір-үндеулер жазылмақ.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин:

– Ширек ғасырды артта қалдырдық. Соншама уақыт емес. Десек те, бұл сонау 1986 жылғы ұлкен алаңнан басталған қадам еді. Сол өздерің сияқты жастардың арқасында біздің көк туымыз БҰҰ төрінде ілініп тұр. Барлық ардагерлердің атынан сіздерді құттықтаймын, – деді.

Мұнан соң Павлодар облысынан келген жастар көшбасшысы Максим Споткай шығып, акцияның маңыздылығымен бөлісті.



Талай додаларда оза шауып, облыстың абыройын асқақтатқан аймақ жастарының да еселі еңбектері ескерусіз қалмады. "25 жұлдызды күн" шарасының аясында өткен бейнероликтер байқауында жеңіске жеткен Нұрлан Қисықов, Анастасия Тянь, Арыстан

Ұтбаев секілді жастарды облыс әкімі марапаттады.

Әр салада жемісті еңбек етіп, қоғамның дамуына ұшқыр білімі, білек күшімен өзіндік үлестерін қосып жүрген жастар сахна төріне көтеріліп, Отанға деген сүйіспеншілігі мен жеріне деген құрметін жеткізді. Қостанайлық жастардың атынан Олжас Дүйсеков президентке Үндеу оқыды. Павлодар қаласы "Қоғамдық келісім" үйінің директорының орынбасары Қайрат Жақия Үндеу жазылған кітапты қабылдап алды.

Алдағы уақытта бұл шара эстафета түрінде барлық аймақтарда өз жалғасын тауып, Тұңғыш Президенті күнінде Астана төрінде қорытындыланбақ.

СУРЕТТЕРДЕ: "Менің елім – Мәңгілік ел" атты республикалық жастар акциясы Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

"Өнерім саған – туған ел"

Міне, осындай атпен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған жас өнерпаздар байқауы болып өтті. "Бірлескен ұйымдар қауымдастығы" ҚБ және "Жастар ресурстық орталығы" бірігуімен ұйымдастырған сайыстың мақсаты – жас таланттарды іріктеу және жастардың эстетикалық деңгейін көтеру. Аудан жастарының басын біріктірген сайыста өнерпаздар сахна төрінде өнерлерін көрсетіп, ортаға барын салды. Қазақтың халық өнері, күйі, термесі сынды үш номинация бойынша өткен байқауда талантты да талапты өнерлі жастар өздерінің өнерлерімен жиналған қауымының ықыласына бөленді. Байқауға республикалық термешілер мен ақын-

дар айтысының жүлдегері – Қасым Нұрсұлтан, республикалық және облыстық ақындар айтысының жүлдегері – Ернұр Әуесхан мен өнер ардагері Сары Бағытбайқызы баға берді. Байқау тартымды, жоғары деңгейде өтті. Нәтижесінде жүлделі бірінші орынды "Әлқисса" күйімен Рахат Мұқанов иеленсе, екінші орынды "Әке толғауы" термесімен Азамат Сүйеубаев жеңіп алды. Ал, үшінші орын "Қара торғай" күйін орындаған Эльмира Әбілдаеваға берілді. Барлық жеңімпаздар мадақтау қағаздарымен марапатталды.

А.ЫРҒЫЗБАЕВА.

Ұзынкөл ауданы.



• ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Игі істі жемқорлық бұзады

Гүлназым САҒИТОВА

Бүгінгі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отырғаны белгілі. Өйткені ол қоғамның барша мүшесіне өзінің кері әсерін тигізуде. Сондықтан да осы "қатерлі аурудың" – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жұртшылықтың құқықтық сауаттылығын ашу мен оған қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті облыстық мәдениет басқармасы мен ішкі саясат басқармасымен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған "Жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбына үздік проза немесе өлең шығару әдеби байқауын өткізді.

– Байқауға бұл мәселеге бей-жай қарамайтын өңіріміздің белгілі ақын-жазушыларымыздан бастап қатардағы қарапайым тұрғындарымызға дейін жазған әдеби жұмыстар келіп түскенін айта кеткеніміз жөн. Нәтижесінде барлық келіп түскен жұмыстардың саны елуден асты. Осы әдеби жұмыстарды қазылар комиссиясы қорытындылай келе, алты шығарманы үздік деп таныды, оның үшеуі мемлекеттік тілдегі, келесі үшеуі ресми тілдегі шығармалар. Сонымен, бірінші орынды Абай Қажиевтің "Парақор полициясының зары? Ақын жігіт пен парақор соттың айтысы" атты шығармашылық еңбегі және Анастасия Осадчаяның "Сколько стоит?" атты жұмысы ие болды. Екінші орынға Ақылбек Шаяхметтің "Жемқорлыққа жол бермейік, жарандар!" және Қалимов Батырбектің "Лесная стройка" атты еңбектері лайықты деп танылды. Үшінші орын Серікбай Оспановтың "Өтініш хат", "Мен, мен едім...", "Есептегіш", "Ойбай да, ойбай..", "Кесел мен ем" шығармалары мен Илья Монгилевтың "Система неопорядка" атты еңбектеріне берілді. Сонымен бірге байқауға келіп түскен жұмыстардың барлығы да электрондық жинаққа енетін болады, – деді ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің бас маманы О.Мұстафина.

Әдеби байқаудың демеушісі облысымыздағы "Қостанай облысының "ГРИН" азаматтық альянсы"ҚҚ, "Асыл бала" республикалық қоғамдық қоры болды. Жеңімпаздарды департамент өкілі Ә.Досеке-нов, қоғамдық қордың басшылары Д.Өтебаева, Б.Ертаева құттықтап, игі тілектерін білдіріп, сыйлықтарын тапсырды.

Октябрьде өткен семинар

ҚМДБ биылғы 2016 жылды "Дін және тарих тағылымы" деп жариялаған болатын. Осы тақырып аясында Октябрь кентінде "Қарамырза" мешітінің ұйымдастыруымен облыстық семинар өткізілді.

Жалпы бұқараның қасиетті дініміз Ислам туралы білімін арттыру мақсатында өткен бұл жиынға Қостанай аймағына қарасты қала және аудан имамдары қатысты.

Семинарды Қарасу аудандық мешітінің бас имамы Халық қажы Апсатаров кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол Октябрьде ұйымдастырылып отырған бұл басқосудың негізгі мақсаты және жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Одан кейін сөз алған Қостанай қалалық мешітінің бас имамы Шоқан Әмірханов семинарға қатысушыларды құттықтап, дәстүрлі емес діни ағымдардың кесірі жайында уағыз-насихат айтты. "Қазір жат ағымдар мәселесі өткір. Бұл кеселмен қоғам болып күресу керек", – деді Шоқан қажы. Сондай-ақ, ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкіл имамы Бахытбек Тәжімбеттің ыстық ықыласы мен арнайы сәлемдемесін жеткізді.

Сөз кезегінде аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Данияр Нұрпейісов "Діни сауатты-



лықты арттыру – бүгінгі күннің басты талабы" тақырыбында баяндама оқыды. Аталмыш шараға арнайы келген Рудный қалалық мешітінің бас имамы Сейт Нұрқанов "Ислам – религия мира и добра" тақырыбында әңгіме өрбітті. Ал "Ислам және зайырлы қоғам" тақырыбында Арқалық қалалық мешітінің бас имамы Бектұрсын Уәлиев кеңінен кесілді. Сонымен қатар, жиынға қатысушылар тарапынан қонақтарға түрлі сұрақтар қойылып, толымды жауаптар алынды.

Семинар соңында дін қызметкерлері арасында шағын футболдан жолдастық кездесу өткізілді.

Жаңабай АХМЕТОВ.
Қарасу ауданы.



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ
ТЕҢГЕМЕН НЕСИЕ ұсынады



Қой бағумен айналысасыз ба?

Онда «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ саулық пен өндіруші қошқар сатып алу үшін **7 жылға дейінгі мерзімге несие алыңыз.**

Несиені өтеудің ыңғайлы кестесі!
«Ауыл бизнесін бірге дамытамыз!»

Қосымша ақпарат **www.agrocredit.kz** сайтында.
Қостанай қаласы, Бауман көш., 1А, «БОСС» БО, 3-қабат, № 32,33,37 бөлме,
тел.,8 (714-2) 99-09-89, 99-97-19
Call Center телефоны - 8-800-080-70-80
(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)



Алқабы астыққа, қойнауы малға толы

**Қыдырбек
ҚИЫСХАНҰЛЫ**

Солтүстіктегі ірі астықты аймақ саналатын Қостанай диқандары күзгі орақ науқанын ауа-райының сан құбылғанына қарамастан аяқтады. Табиғат-ана күзде ғана мінез танытқан жоқ. Жаз айларында, әсіресе, шілдеде толассыз жауған жаңбырдан болған шамадан тыс ылғал мен тамыздағы аптап ыстық өңірдің теріскей және орталық аудандарына айтарлықтай әсер етті.

Осыған қарамастан, шаруалар бар күшін жұмсап, бидай мен дәнді, майлы дақылдан қазан айынан қалдырмай жинап отыр. Биылғы жыл Тобыл өңірі үшін табысты, ырысты жыл болып, 5,6 миллион тонна астық алды. Бұл – республика астығының төрттен бірі. Гектарынан орташа 13,3 центнерден айналды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қостанай аймағына жасаған сапарында өңірдің диқандарына ең жоғары баға беріп кетуі де бекер емес. Биыл диқандар арасында астық шығымы ең мол болғаны – әйел заты басқаратын шаруашылық. Ольга Якимова жетекшілік ететін "Якимова" шаруа қожалығы әр гектардан 26 центнер өнім алып отыр.

Өңірімізде ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні бар сән-салтанатымен мерекеленді. Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияда өткен салтанатты жиынға аймағымыздың барлық өңірлерінен еңбекші қауым, шаруашылық жетекшілері, сала үздіктері мен ардагерлер келіп қатысты. Бір сәт болса да, даладағы қиындықтарды ұмытып, алдағы күннен зор үміт күте жеткен барлығының жүзіне қуаныш ұялаған. Биік мінберде алтын астық өсіріп, төрт түлігін өргізген шаруаларға ең жылы лебіздер айтылды. Филармонияның бірінші қабатына ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің үздік өнімдері қойылған көрме етті.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетов биылғы жылдың қорытындысын айтып, баяндама жасады. Айтуынша, биыл агроөнеркәсіп кешені салалары үкімет тарапынан пайызсыз несиеге қол жеткізген. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ҰК" АҚ арқылы "Тобыл" ӘКК кепіл болумен облысымызда көктемгі егістік пен күзгі орақ науқандарына 6,2 млрд теңге жеңілдетілген несиесі бөлінді. Бұған қоса, мемлекет тарапынан 152 мың тонна жеңілдетілген жанармай жеткізіліп, шаруалар 2 млрд теңгеден астам қаражатты үнемдеп отыр.

– Бүгінгі таңда 1063 кәсіпорын мал шаруашылығымен айналысуда, – деді Ғауез Нұрмұхамбетов, – Оларға ет пен сүт өндірудің 30% тиесілі. Өндірістік сектордағы ірі қара малдың саны соңғы 3 жылда 1,5 есеге артты. Биыл бағытты трансферттердің жалпы көлемі былтырғы жылғыға қарағанда, 5 млрд теңгеге өсіп, 23 млрд теңгеге жетті. Қазіргі уақытта мал шаруашылығын дамыту үшін асылдандыру мен азық қорын жақсарту аса маңызға ие. Бүгінде өңіріміздегі асыл тұқымды төл барлық малдың 18% (75,5 мың бас) құрайды. Саны жағынан республикада екінші орындамыз. Биылдың өзінде аймақ шаруалары "Сыбаға", "Алтын асық", "Құлан" бағдарламалары бойынша 2,3 мың ірі қара, 1024 жылқы, 3 мың қой сатып алған. Ал ет өндіру қазіргі 3 мың тоннадан 2019 жылға қарай 5600 тоннаға жетпек. Ал тек өсімдік саласын субсидиялауға 11,4 млрд теңге жұмсалды. Ал алдағы үш жылда 1444 отбасылық мал бордақылау алаңы мен 54 сүт қабылдау пунктін ашу жоспарда тұр.



Тәуелсіздік алған жылдан бері өңіріміздің ауыл шаруашылық саласы 23 мың техникамен жаңарған. Ал тек биыл 1200 дана техника жаңадан сатып алынды. Осы мақсатқа 15 млрд теңге жұмсалды. Келесі жылдан бастап ауыл шаруашылық машиналарын тікелей сатып алушы шаруалардың шығынын субсидиялау бағдарламасы енгізілмек. Аймағымызда көкөніс шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Тек өткен жылғыға қарағанда, биыл бұл салада 12% өсім бар және 21 мың тоннадан астам өнім жиналды, ал картоп өсіру көлемі 16% артып, 67 мың тоннаны құрады. Бұның өзі өңіріміздегі ең кең тұтынатын азық-түлік өнімдерінің бағасының өсуіне тосқауыл болатыны анық.

Аймағымыздың индустриялық өміріне ауыл шаруашылық техникалары мен қосалқы бөлшектерін шығарып, тораптар мен агрегаттарды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп отырған машина жасау кәсіпорындарының қосып отырған үлесі ауқымды. Қазіргі таңда облысымыздағы "Агромашхолдинг" АҚ шаруашылықтарға жаңадан тиімді ұсыныс жасап отыр екен. Мәселен, кез келген ескі комбайныңызды отандық "Есіл-740" және "Есіл-760" астық ору машиналарына айырбастай аласыз. Сіздің ескі техникаңыз жаңа комбайнның алғашқы жарнасы есебінде бағаланады.

Биылғы жыл аяғына дейін жалпы құны 7 млрд теңге болатын 24 инвестиция жүзеге асырылып, 400 жұмыс орны ашылмақ. Бүгінгі өзінде жеке қосалқы шаруашылықтарды ауыл шаруашылық кооперативтеріне біріктіру бағдарламасы кеңінен қолға алынууда.

Ал ауыл шаруашылық саласының барша еңбеккерлерін аймақ басшысы Архимед Мұхамбетов құттықтап, ел абыройына бөленген бірқатар азаматтарды "Еңбек ардагері", "Құрметті ардагер" медальдарымен, "Ауыл шаруашылығы саласының үздігі" төсбелгілерімен, "Қостанай облысына 80 жыл" мерейтойлық медальдармен марапатталды.

Салтанатты шара облыс өнерпаздарының концертіне ұласты.

Біз жиынның алдында шаруалардың көңіл-күйімен танысып, жағдайын сұрап, әр саланың мамандарын сөзге тартқан болатынбыз.

Қантай ІБІКЕНОВ, "Қостам" шаруа қожалығының жетекшісі (Жанкелдин ауданы):

– Өңіріміздің шалғай аудандарының шаруалары үшін мемлекеттік бағдарламаларға қатысудың машақаты аз емес. Ең басты кедергі – кепілге қоятын мүлік мәселесі. Біз Арқалық қаласынан екі пәтер, техника, жер кепілге қойдық. Шаруашылық сиыр, жылқы малымен қатар, биылдан бастап қой төлінің басын арттыруды қолға алды. "Алтын Асық" бағдарламасына қатысып, 5 миллион теңге несиесімен, Еділбай қошқарларын, 300 бас саулық сатып алдық. Сиыр малын асылдандыру мақсатында биыл қазақтың ақбас тұқымды 2 бұқасын сатып алдық. Алдағы уақытта аналық бастарын алу жоспарда бар. Сондай-ақ, келешекте бордақылау алаңын ашсақ дейміз.

Ибраш ЕСТАЕВ, "Жарқын Жаркөл" ЖШС басшысы:



– Күзде аздаған қиындықтар болды. Бірақ ол жылда болатын құбылыс. Соған қарамастан, серіктестігіміз гектарынан 21 центнерден өнім алып отыр. Бір жағы Президент өзі қолдап отырған ауыл шаруашылығындағы өртараптандыруды қолға алып отырмыз. Ал жерді бастап, егін салған соң барлық шаруаның мәселесі бір – ылғалдың дер уақытында түсуі, орақ кезіндегі ауа-райының ашық болуы. Сол үшін ерте көктемнен қара күзге дейін тыным таппаймыз. Ал қазіргі қара суық келер көктемде біраз қиындық туғызуы мүмкін. Қар жаумаған, аяз күшті, тоң қатып, қалыңдап барады. Бірақ алдағы жазға қарай бір-екі рет жауын жауып тастаса, егін жақсы болады деген үмітіміз бар.

Сәбит ҚҰЛТАЕВ, "Бақ" ЖШС директоры (Ұзынкөл ауданы):

– Шаруашылығымыз бидаймен қатар, арпа, сұлы өсіреді. Күзгі орақ науқанын ойдағыдай аяқтадық. 3 мың гектар егістіктен 12 центнерден өнім алып отырмыз. Жаздағы жауын-шашын мен аптап ыстық егін сапасының төмендеуіне әсер етуде. Дегенмен тапсырып үлгердік. Жұмысшылардың жалақысы мен алған қарыздарымызды өтеп болдық. Алдағы уақытта майлы дақылдарға біртіндеп ауысу жоспарымызда бар.

Бауыржан БЕКЕТ, облыстық ветеринария басқармасының бөлім басшысы:



Аймағымыз республикада эпизоотиялық жағдайы тұрақты өңір. Биыл малда жұқпалы қауіпті аурулар тіркелген жоқ. Барлық жоспардағы алдын алу шаралары, тиісті жұмыстар толығымен жүргізілді. Аймақта 29 мал сою пункті мен 58 мал сою алаңы бар. Олардың жұмысы біздің мекеменің қадағалауында. Ал біз мал етін кез келген шет мемлекетке шығара аламыз.

Кемеңгер ҚАРАҒҰЛ, ҚР АШМ АӨК МИК Жанкелдин аудандық аумақтық инспекция басшысы:



– Өңіріміздегі алқаптардың басты жауы – шегірткелер. Олар астықты аудандарға оңтүстіктегі өңірлерден ұшып келеді. Торғай жері шегірткенің жұмыртқа-лауына, өсуіне қолайлы аймақ саналады. Биыл да Жанкелдин ауданында зиянкестермен күрес және оның алдын алу жұмыстары ойдағыдай жүргізілді. Былтырғыдай емес, олардың ұшуына жол берген жоқпыз. Республикадан, облыстан мамандар келіп, дер кезінде алдын алды. Дегенмен зиянкестер көршілес Ырғыз ауданының жерінен келді. Оған қарсы 100 мыңнан астам гектар жерді химиялық улау жұмыстары жоспарланған болатын. Ал біз 130 гектар аумақты өңдедік. Оның сыртында шегірткенің азиялық тұқымын улау жүргізілді.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні марапатталғандар тізімі

"Еңбек ардагері" медалі:

Ибраш ЕСТАЕВ, "Естаев" ШҚ (Қостанай ауданы)
Зейнолла ЖАҢБЫРШЫНОВ "Мәскеу" ЖШС (Әулікөл ауданы)
Леонид СТОРОЖЕНКО "Айдала" ЖШС (Алтынсарин ауданы)
Николай ШЕРЕР "Фрунзе" ЖШС (Денисов ауданы)

"Құрметті ардагер" медалі:

Василий РОЗИНОВ "Иволга-Холдинг" ЖШС
"Ауыл шаруашылығы саласының үздігі" төсбелгісі:
Қадыр БЕРМАҒАМБЕТОВ "Алтынсарин" ЖШС (Қамысты ауданы)
Александр ГРИНЕЦ "Содружество" ТӨК" ЖШС (Таран ауданы)
Александр КЛИМКО "Заря" ЖШС (Мендіқа-

ра ауданы)

Иван КУЛИК "Викторовское" ЖШС (Таран ауданы)
Қайрат МАИШЕВ "Жас Қанат 2006" ЖШС (Рудный қ.)
Төленті ОСПАНОВ "Диев" Агрофирмасы" ЖШС (Әулікөл ауданы)
Төрмұрат ӨТЕПОВ "ПКФ Қайрат" ЖШС (Қамысты ауданы)
Нұркелген ӨТЕУЛИН "Өтеулин" ШҚ (Қостанай ауданы)

"Қостанай облысына 80 жыл" мерейтойлық медалі:

Ұзақбай АҒАЙДАРОВ "Тойсай" ЖШС директоры (Ұзынкөл ауданы)
Жылқышы АЙҚАШЕВ зейнеткер (Аманкелді ауданы)
Елубай АМАНЖОЛОВ еңбек ардагері, Қара-


балық аудандық мәслихатының хатшысы
Василий БУБЛИК "Бүркіт" ЖШС директоры (Федоров ауданы)
Сайран БҰҚАНОВ "Қарқын" Агрофирмасы" ЖШС директоры
Амангелді ЖАЛҒАСОВ "Интеграция МТС" ЖШС директоры (Сарыкөл ауданы)
Өмірзақ ИХТИЛЯПОВ "Шолақсай-1" ЖШС құрылтайшысы (Науырзым ауданы)
Серікбай ҚАДАМБАЕВ зейнеткер, "Ақтас" ЖШС директоры (Таран ауданы)
Любовь КАРАГУЛИНА "Карагулина" ЖК жетекшісі (Рудный қ.)
Нәбидолла КИКЕБАЕВ "Қазақ тұлпары" ЖШС директоры (Қостанай ауданы)
Балтабай ҚҰРМАНБАЕВ зейнеткер, Қайыңды ауылдық округінің әкімі (Арқалық қ.)
Александр МАКСИМОВ "Раскуль" ЖШС ат-

қарушы директоры (Мендіқаура ауданы)
Оразғали НҰРҒАЗИН облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары
Ахад ОДЖАХВЕРДИЕВ "Оджахвердиев М.М." ШҚ басшысы (Науырзым ауданы)
Роман ПОНОМАРЕВ "Пономарев" ШҚ басшысы (Қостанай ауданы)
Валентин СВИРИДОВ "Содружество-98" ЖШС директоры (Қамысты ауданы)
Талғат ТҰРСЫНОВ "Ғасыр Қарасу" ЖШС директоры (Қарасу ауданы)
Тамара ХИВРИЧ "Арай Холдинг" ЖШС директорының орынбасары (Лисаков қ.)
Владимир ШУЛЛЕР "Приреченское" ЖШС директоры (Денисов ауданы)
Эдуард ШУЛЛЕР "Шуллер Э.Ф." ШҚ басшысы (Әулікөл ауданы)

● ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАҒДЫРЫМ

Егемен елдің
ұрпағымын

Тәуелсіздік – таусылмас тарих. Осынау тарихқа тұнған ұлы сөзді естігенде "Мен қазақтың" деген әрбір жанның жүрегінде үлкен сезім орнайды. Себебі, сонау алмағайып кезеңдерде қазақ халқы үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы болған осы тәуелсіздік еді. Бұл қол жетпес бақытқа жету жолында Алаш ардақтыларының басын бөйгеге тіккені, әсіресе 1986 жылы болған желтоқсан оқиғасына қатысқан қайсар ұл-қыздарымыздың ұмытылмас ерліктері көз алдымызға елестейді. 1991 жыл – еліміздің "Қазақстан" деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы – ол Елбасымыздың көрген саясатының арқасы деп білемін. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. "Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сөбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 25 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді" деп Елбасымыз айтқандай,



егемен Қазақстанды бүгінде барша әлем танып отыр. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі желтоқсанның да септігі аз болған жоқ. Қазіргі таңда тәуелсіздік күні мерекесі – барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн саналады. Себебі, бұл күн – бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – ең алдымен халқымыздың бақыты. Сондықтан бүгінгі күні халқымыз өткеннен қалған тарихи өнегені, отансүйгіштікті, ұлтына деген махаббатты жоғалтпай, әрі қарай жастардың патриоттық сезіміне енгізуге ерекше көңіл бөлуі керек деп ойлаймын. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның бағыты болуы тиіс. Тәуелсіздік – көкжиектен атқан күн, жаңа бүр жарған гүл дер едім. Бұл егемендік – Алланың нұры, берген сыйы. Тәуелсіздіктің жолы қатты, татар дөмі төтті. Сонда да ақкөңіл, дана қазақ аңсаған арманына қол жеткізді. Алдымызда әлі асу-асу белестер бар. Тәуелсіздігіміздің тұғырында нық, тұрақты тұра беруі үшін халқымыздың барша еңселі азаматтары, еліміздің еселеп дамуына еңбекпен қызмет етуі зор міндет.

Ұзақбай ӘБДІҒАЛИ,
Н.Мейірманов
атындағы жалпы білім
беретін орта мектебінің
педагог психологі.
Аманкелді ауданы.

Егемендігіміз еңселі болғай

Қазақстан Республикасы қазіргі таңда тәуелсіз мемлекет ретінде толық қалыптасып болды. Ол бірегей тарихи оқиғалардың барысында қалыптасты. Қазақ елі бейбіт сүйгіш ел ретінде халықаралық беделге ие болып отыр. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығында Қазақстан біраз асулардан өтіп, көптеген жетістіктерге жетіп, өзінің егемендігі мен еркіндігін дәлелдеді. Тәуелсіздігіміздің нығаюының бір мысалы ретінде мектептерді алуға болады. Ақын М.Жұмабаев қазақ мектебінің болашағы туралы "Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты" деп айтып кеткен. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп. Тәуелсіздік жылдарында елімізде көптеген мектептер ашылды. 2014 жылы Әулікөл ауданында жаңадан Әулікөл бастауыш мектебінің ашылғанын мақтанышпен айтуға болады. Бұл мектепте жас мамандар

қызмет жасайды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихи әлеуметтік, мәдени рухани болмысын дамытуға, қоғамдық өмірмен ұлттық мектепті қалыптастыруда ұстаздардың еңбегі зор. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жас мамандарға қолдау көрсету арқылы олардың болашақтарына жағдай жасап отыр. Елбасымыздың "Дипломмен ауылға" бағдарламасы негізінде мектептің жас мамандары баспанамен қамтылды. Сонымен қатар, жаңадан ашылған мектеп мұғалімдері орта білім берудегі жаңарту шеңбері, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру деңгейлі бағдарламасы курстарын оқып жатыр. Оның дәлелі ретінде оқушылардың аудандық олимпиадаларда, байқауларда, конкурстарда жоғары жетістіктерге жетіп, жақсы нәтиже көрсетіп жатқандары. Мінекей, осының



бәрі тәуелсіз мемлекетіміздің күш-қуатының артқанын көрсетеді. Еліміз көркейіп, тәуелсіздігіміз нығайа берсін.

А.ЕСЕКЕЕВА,
Әулікөл бастауыш
мектебі директорының
орынбасары.

АҢЫЗ		ШЫНДЫҚ
№1	БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРДЫҢ АҚШАСЫН ЖҰМСАЙДЫ	ШЫНДЫҚ Зейнетақы активтерін және қордың меншікті капиталын есепке алу бөлек жүргізіледі. Меншікті капитал комиссиялық сыйақы есебінен құралады, комиссиялық сыйақы 2014 жылы БЖЗҚ құрылған соң екі есеге азайтылды. 2016 жылы тағы да шамамен 30%-ға төмендеді. Бұл қаражат салымшыларға қызмет көрсету сервистерін, есепке алу жүйесін дамытуға және т.б. жұмсалады.
№2	БАРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫСТЫ БЖЗҚ АЛАДЫ	ШЫНДЫҚ Инвестициялық табыс жинақ сомасына қарай әрбір салымшының шотына күнделікті есептеліп отырады.
№3	БЖЗҚ ЖИНАҚТЫ БАСҚАРАДЫ	ШЫНДЫҚ БЖЗҚ жинақтарды есепке алады және төлейді, сондай-ақ салымшыларға қызмет көрсетеді. Заңнамаға сай БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.
№4	ҚАЗІРГІ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ БЖЗҚ-ДАН АЛАДЫ	ШЫНДЫҚ Бүгінде зейнеткерлер зейнетақысы екі құрамдауыштан тұрады. Бюджеттен төленетін бірінші бөлік базалық зейнетақы мен еңбек зейнетақысынан құралады. Екінші бөлік меншікті жинақтардан құралады. Осы ақшаны ғана БЖЗҚ төлейді.
№5	БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАЙДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТӨЛЕУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ	ШЫНДЫҚ Мұнымен мемлекет айналысады. Зейнетақы мен жәрдемақы Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» заңына сәйкес қайта есептеледі.
№6	ҚОРЛАРДЫ БІРІКТІРУ КЕЗІНДЕ АҚША ЖОҒАЛДЫ	ШЫНДЫҚ БЖЗҚ әрбір салымшының зейнетақы жинағын өткізген ЖЗҚ-да өткізу сәтінде құралған мөлшерінде қабылдады. Үтірден кейінгі жетінші таңбаға дейінгі дәлдік сақталды!
№7	ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІН ЖИНАҚТЫ АЛУҒА БОЛАДЫ	ШЫНДЫҚ Зейнетақы ақшасының қатаң түрде белгіленген стратегиялық мақсаты – зейнетке шыққаннан кейінгі өмірді қамтамасыз ету, сондықтан зейнетақы жинақтарын үш жағдайда ғана: -зейнет жасына толған кезде; -мерзімсіз деп белгіленіп бірінші және екінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда; -әйелдер 50 жасқа, ерлер 55 жасқа толғанда зейнетақы жинақтары жеткілікті болған және зейнетақы аннуитетін сатып алған кезде ала бастауға болады. Салымшы (алушы) қайтыс болған жағдайда, жинақты мұрагерлері ала алады.
№8	ЖИНАҚ СЕЙФТЕ ЖАТАДЫ	ШЫНДЫҚ Жинақтар пайдасыз жатпайды. Олар жұмыс істейді, басқаша айтқанда, түрлі қаржы құралдарына инвестицияланады. Қандай да бір құралға инвестициялау бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесі қабылдайды.

ИНВЕСТИЦИЯ ИПІМДЕРІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында әлемді, тіпті, оның ішінде Қазақстанды да шарпыған қаржылық-экономикалық дағдарыс жағдайындағы мемлекеттің қауіпсіздігі мен ішкі тұрақтылығын қалай сақтау керектігі және халықтың әл-ауқатын қалыпты деңгейде ұстау қажеттілігін баса айтады. Себебі, Қазақстан басшысы көпшіліктің көкейіндегі түйткілді мәселелерді әрдайым дөп басып біліп, көріп қана қоймай, оларды шешудің амалдарын, инвестиция тарту бағытын айқындап отыр.

ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ «ҚОСТАНАЙ МИНЕРАЛДАРЫ»

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Қазақстанның пайдалы қазбаларға өте бай мемлекет екені әмбеге аян. Қалай ойлап қарасақ та, біздің елмен алпауыт мемлекеттер әріптес болуға мүдделі. Шетелдік инвесторлардың көмегімен сүбелі бастамалар өз жемісін беріп келеді. Қостанай өңірінің даңқы астығымен, алтын, темірімен, машина құрастыру өндірісімен қазір еліміздегі алдыңғы қатарлы облыстардың қатарынан орын алады. Өнеркәсіптік индустрияны дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған бағдарламасының негізінде Қостанайдың инвестициялық белсенділігі жыл



сайын арта түсуде. Бұл бағдарлама ресурстық секторларда өнім өндірудің сапасын жақсарту, Кедендік Одақ, Қытай, Орта Азия елдері мен Каспий маңы елдері нарығына қол жеткізу тәрізді мүмкіндіктерді өз пайдасына шешпек.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына орай Жітіқара ауданындағы «Қостанай минералдары» АҚ өткен жылдармен салыстырғанда хризотил асбесті өндіру қарқынын ғаламды шарпыған қаржы дағдарысы салдарынан азайтып алса да, әлі де мығым отыр. Елбасы Н.Назарбаев Қостанайға келген таяудағы сапарында «Қазақстанның асбест қорының 100 пайызы Қостанай облысында» деп аталған шикізат қорының қаншалықты өндіріліп жатқандығына тоқталған еді.

Шындығында да, Жітіқара жерінен өңделіп, өндірілетін бұл шикізаттың табиғи ерекшелігі дүниежүзінде үлкен мәнге ие. Міне, сондықтанда болар, әлемдегі қанша қаржы дағдарысы белең алса да сұранысқа ие шикізат қорын өндіру әлі де бәсеңсімей келеді. Бұл әрине, мемлекеттік инвес-

...Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет. Осы мақсатта 2015 жылы «құрғақ порттың» бірінші кешені құрылысын аяқтауға, «Қорғас-Шығыс қақпасы» және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан.

тициялық бағдарламалардың берген нәтижесі. Жаңа бағдарламаның басты мақсаты — әртараптандыру мен өндіру саласындағы мемлекет бәсекелестігін арттыру.

Белгілі мамандардың мәліметіне сүйенсек, инвестицияны мол мөлшерде тарту арқылы ғана екінші бес жылдықтың екпінін сезінуге болады. Екінші бес жылдық не береді, алғашқысынан қандай айырмашылығы бар? Мемлекеттік бағдарламадан ұқпанымыз — индустриялық-инновациялық дамудың негізгі алты бағыты жұмыс істейді. Бұл бағыттардың өңірімізде қалай жүргізілетініне сәл тоқталсақ. Дамудың бұл кезеңінде өндірістік салаға ерекше көңіл бөлінбек. Соның бірі әрине, шикізат. Мамандар біздің өңір үшін өндірістің төрт ұтымды түрін алға таратады: металлургия, көлік құрылысы, азық-түлік өндірісі мен құрылыс материалдарын шығару. Аталған бағыт қазір айқын. Тек соны тиімді дамытудың жолы керек.



Әлгінде біз әңгімелеген хризотил асбесті негізінен машина, авиация өндірісіне, құрылыс және жол төсемдеріне пайдаланылады. Мұны ескеріп

аралас қоспаны, жол сапасын одан әрі күшейтетін «ЕсоТор» деп аталатын үстеме қоспаны, минералды әмбебап ұнтақты және қиыршық тасты нарыққа әкелді. Әрине, бұл өнімдер жол жөндеу құрылысында жаңалық болмауы мүмкін. Бірақ, отандық өнімнің аты — отандық өнім. Оны өзге елден қыруар қаржыға сатып алғанша, өз елімізде өндірген экономика үшін әлдеқайда тиімді.

— Ертеректе жол құрылысына қажетті өнімдердің барлығын ресейліктер өндіретін. ТМД елдерінің көбісі сол жақтан таситын. Ал, қазір өзіміз шығарамыз. Жол құрылысына қажетті басқа материалдарға қарағанда хризотил-асбест талшығының сапа жағынан бәсі әлдеқайда жоғары, — дейді «Қостанай минералдары» АҚ-ның басқарма төрағасы Ербол Нұрқожаев.

Кәсіпорын өнімдерінің ішіндегі жол құрылысына пайдаланатын бұл шикізаты биылдан бастап нарыққа жол тартты. Кейбір мамандар «ЕсоТор» үстеме қоспасының артықшылығын айтып, бағасын беруде. Талшық жолға төселген қиыршық тасты мықтап бекіте түседі-міс. Минералды сапалы талшығы бар берік жол зеңге шірімейді әрі шамалы ыстық пен суыққа төзімді. Үстеме қоспаны пайдаланған жолдар 5 жылдан 25 жылға дейін өңін бермейтін көрінеді. Қазір тұтынушыға бағасы да қолжетімді.

— Инвестиция тарту арқылы бірте-бірте нарықты игеріп келеміз. Алдағы екі жылдың ішінде тұтынушылар қатары арта түсетін тәрізді. Өндіріс қуаты да көңілден



отырған кәсіпорын нарық сұранысына сай шикізат экономикасын бағдарлама бағытына байланысты әртараптандырып, табысты көрсеткішке қол жеткізуде. Соның нәтижесінде жол құрылысына өте қажетті асфальт-бетондық

шығып отыр. Жылына 8 мың тонна «ЕсоТор», 30 мың тонна минералды ұнтақ өндірілмек. Ал, жаңадан ашылған асфальтбетон зауыты сағатына 90 тонна өнімді өндіру қуатына жетті, — деді кәсіпорын басшысы Ербол Нұрқожаев.

Өндірісті әртараптандырып, экономиканы алға жылжыту үшін жасалып жатқан жоғарыда біз әңгімелеген бағдарламаның өңір үшін берер пайдасын осыдан-ақ көріп, аңғаруға болады.

Елбасы өз сөзінде ел көлемінде ашылған өндіріс ошақтары жұмыстарын тоқтатпай, сапалы өнім шығару керектігін ескерткен еді. Ал, шетелдік әріптестер зауыттарды ашуға жәрдемдесіп қана қоймай, өнімдердің нарықтағы өтімділіктерін де назарларынан тыс қалдырмау қажеттігін айтқан. Міне, соны аңдаған Үкімет шетелдіктермен қатар, отандық инвесторларға да барлық мүмкіншілікті тудырып отыр.



«Қостанай минералдары» АҚ сондай-ақ, нарыққа құрғақ құрылыс қоспаларын, құм, полимер-құм бұйымдарын ұсынып келеді. Бір ғана асфальтбетон зауытын ашқанда қаншама маман тартылды. Болашаққа бағыт, жоспар қойса, ізденіп еңбек етсе, мемлекет қолдауын тиімді пайдаланса, өндіретін табыс қуатын арттырса, қай кәсіпорын да алға дамитыны белгілі.

— Аталған зауыт нарыққа шықты. Кәсіпорынның екінші тынысы ашылды. Қиыршық тас өндіретін уатқыш-іріктеу желісі іске қосылды. Қызметшілер қатары көбейді. Бұл әрине, Тәуелсіздіктің 25 жылдығының нәтижесі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаткерлігінің айқын дәлелі, — дейді Ербол Нұрқожаев.

СУРЕТТЕРДЕ: «Қостанай минералдары» АҚ-ның басқарма төрағасы Ербол Нұрқожаев; кен өндіру сәті; хризотил-асбест талшығын іріктеу.

Суреттерді түсірген автор.

● ТАРИХЫМЫЗ – ТАҒДЫРЫМЫЗ

Бабалар жүрген ізбенен

Бала күнімізде ауылдың үлкендері арғы тарихымыз жайында небір әңгімелер айтып отырушы еді. Сол кезде жастықпен жүріп, көп ештеңені аңғара бермеген екенбіз. Есейе келе, шыққан тегімізді тектеп қарасақ, расымен де бабаларымыздың еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып, қазақтың ұлан-ғайыр жерін жаттың табанына таптатпай, намысын биік ұстағанына көзіміз жетті. Қазақтың бүкіл өткен-кеткенін былай қойғанда, өзіміздің тамыр жайып, ел болғанымыз да бір үлкен тарихқа айналыпты.

Біз сонау жаугершілік заманда Ереймен-Баянауыл, Ертіс бойынан Есіл-Обаған, Сібір даласына, күнгеі Алатау мен Қаратау, Сыр бойы, әрісі Ташкент жұртына дейін жеткен Қан-жығалы атаның ұрпақтарымыз. Менің аталарым XVIII ғасырдан бері жоғарыда айтқан Обаған бойымен қазыналы Қостанайдың Сарыкөл еліне тұрақтапты. Бұл өңір егін бітік, малы қонды, орман-тоғай, суға бай, түгін тартса, майы шыққан құйқалы жер. Осында атақты Мендеке батыр мен оның баласы атақты Шәңкі би, "Менің атым Асаубай, жақсы-жақсы сөзім бар, жиып қойған жасаудай, өткір-өткір сөзім бар, тасқа сапқан қашаудай" — деп жырлаған Асаубай шешеннің ұрпақтары бармыз. Көпті көрген көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Асаубайдың ата-бабасын Абылай ханның өсиеті бойынша Уәли хан 1781 жылы Ерейменнен көшіріп әкелген. Ал бір тармағымыз Сарыкөлден әрі қарай Ғ.Мүсірепов ауданына қоныстанса, бір тармағы орыс жеріне өтіп кеткен.

Мен Сарыкөл ауданының Лесной ауылында ұзақ жылдар еңбек еттім. Кейінгі он жыл ауыл әкімі болып жүріп, зейнетке шықтым. Кезінде жұмыс істеп жүрген уақытымызда Сарыкөлде Тілеген қажы имамымыз болды. Сол кісі біздің тұқымның балалары Қазақстаннан тыс, Ресей аумағында да өмір сүріп жатқанын айтқан болатын. "Ал негізгі шыққан жеріміз Ерейментау өңірі, сол жаққа бір барып келсек" деп еді. Сол сөз қала берді. Тілеген қажы дүние салып, ойлаған ойына жете алмай кетті.

Осыдан екі жыл бұрын сол марқұмның інісі Солдат Дұтпаев мені, Қаду Оразбекұлы қатарлы осындағы бауыр-

лардың басын қосып, кезіндегі қажының айтқанын есімізге салып, арда азаматтың аманатын орындайық деді. Біздер Ереймен жаққа баруға келістік. Былтыр 18 тамыз күні Солдат пен Қаду ата-бабамыздың байырғы өңіріне барып келді. Мен бара алмай қалдым. Ол жақта бізден барған жігіттерді жергілікті азаматтар Обаған бойынан келген бауырларымыз деп жақсылап қарсы алыпты. Ауданды аралатып, небір сый-құрмет көрсетіп қоя берген екен. Жігіттер ауылға сондай көтеріңкі көңіл-күймен оралды. Ал сол Ереймен өңіріндегі бауырларымыз да біздің жаққа келіп, тұрмысымызды көріп кетсек деп ниет білдіріпті. Оған біз де бір марқайып қалдық.

Сонымен былтыр Сарыкөлге елімізге белгілі қаламгер-журналист Сайлау Байбосын келді. Мейманды аруақты бабалардың жатқан жеріне апарып, кесенелерін көрсеттік. Ол кісі көрші Ресей елінде біршама қандастарымыз тұрады, сол жаққа барып келейік деген бастама көтерді. Бұрын мен Камышлов, Ірбіт аудандарынан қарағай тасып жүргенде, онда ағайындарымыздың барын білетінмін. Солдат Дұтпаев, Сайлау Байбосын үшеуіміз жолға шықтық. Мақсат — қандастарымыз орыс жеріне қалай, қашан барды, соны білу.

Алғашқы барған жеріміз — Свердлов облысы Камышлов ауданының Гари деген ауылы. Ол жаққа аталас ағайындарымыз өткен ғасырдың алғашқы аштығы болған 1920-шы жылдардан бастап кете бастапты. Біздің өңіріміз арқылы ығыса берген ғой. Тек Свердлов облысының өзінде қазір өзімізге қарайтын үш жүзге жуық түгін бар. Және Ресей жеріне ертеде менің атам Райыстың Мағзұм, Малғаждар, Мінай, Қарақұл, Тәйттік деген бес баласы барып тұрақтаған екен.

1959 жылдан бастап менің әкем Ресейден атам қоныс — Сарыкөлге көшіп келді. Ал орыстың жерінде Қарақұлдың екі баласы — Құрманғали мен Әмір қалып қойған. Ол екеуі қазір өсіп-өніп, ұрпақ өрбітіп, үлкен шаңыраққа айналды. Құрманғалидың ұлы Бауыржан жергілікті жерде шаруашылықпен айналысады. Жалпы, бөрінің де тұрмыстары жақсы. Сайлау бауырымыз солардың қалай көшкені жайында біраз мәліметтер алды. Бауырларымыз

тұрған жер ағаштың ортасы, соған қарағанда, аталарымыз ол жаққа бас сауғалап барғанын топшылау қиын емес. Ескі қора-қопсы, көне үйлерді Сайлау суретке түсіріп алды. Ал барған біздерге арнайы қонағасы берілді.

Содан соң сол Свердлов облысының Ірбіт ауданына бардық. Ол өңірдің кезінде үлкен Ірбіт жәрмеңкесі өтіп тұратын жер болғаны тарихтан мәлім. Ірбітте Қарасай тұқымынан тараған жасы тоқсанға келген Мүтәллап Әбітжанов деген үлкен ақсақалымыз тұрады. Ол кісі өз шежіресін кітап қылып жазған адам. Қарияның түні бойы айтқан әңгімесін Сайлау жазып алып жатты. Ақсақал аштық заманында қалай болғанын, қалай ес жиып, бас көтеріп, малданғаны туралы, көрген қиындықтары мен жақсылығын баяндап берді. Ақсақалдың екі ұлының бірі Бақтыбай қажы сонда имам қызметін атқарып жүр. Тағы бір баласы асыл тұқымды жылық өсіру кәсібімен айналысады. Олар да бөйек болып, кешкі асқа ауылды жинап, бізді құрметті мейман етті. Көп әңгімелер айтылды. Орыстың жерінде отырса да, тұрмыстары оңды екен.

Байкалов ауданы — келесі барған жеріміз. Онда да бір қауым ел тұрады. Біз Алтай Әбушүменов деген жігіттің үйіне тоқтағанбыз. Алтай сол өңірге белгілі белді кәсіпкер. Кезінде орман шаруашылығында директор болған. Өзі білімді, шежіреге бай, қазағым десе, ішкен асын жерге қойған мәрт жан. Алтай бауырымызбен де біраз әңгімелестік. Уақыттың тапшылығына байланысты сол өңірдегі барлық қандастармен жүздесе алмадық. Ресей жерін аз күн араласақ та, өз үйімізде жүргендей сезіндік. Себебі, ол жақтағы ағайындардың тұрмыстары өте жақсы. Қай үйіне барсаң да, қазақтылықты сақтап отыр. Барлығы "ОТАУ-TV"-ге қосылып алған да, елдің жаңалық-бағдарламаларын үзбей көріп отыр. Әрине, атажұртты аңсап отырғандары көрініп тұрады. Жергілікті халық тарапынан ешқандай кемсітушілік жоқ, көп ұлт өз елінде жүргендей, бір атаның баласындай тірлік етіп отыр. Шындығы керек, біздің қандастарымыз сол өлкенің толыққанды қожайыны секілді көрінді.

Негізінен Сайлау Байбосын Қанжығалы шежіресін жазуды қолға алды. Біз

алдымен сол елдегі ағайынмен шұрқырасып-танысып, олардың жай-күйін білуге барған болсақ, екіншіден сол тарихи жинаққа деректер алу еді. Енді Сайлау бауырымыздың қоржынының біраз толып қайтқанына шүбә жоқ, себебі, ол жақта әңгіме құрғандардың барлығы өткен күндерді жадына сары майдай сақтаған екен.

Биыл менің Ерейментау жаққа жолым түсті. Жазда аруақты баба ұрпақтары жан-жақтан ата қоныста бас қостық. Қазақ хандығы құрылғанына бес жарым ғасыр, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы құрметіне сонау Алматы, Қызылорда, тіпті, Өзбекстаннан сексенге жуық адам келді. Қостанайдан Солдат Дұтпаев, Қаду Оразбеков, өзім бар бірнеше адам бардық. Сол жиында аталарымыздың атына қоғамдық қор құрылды. Оның бастамашысы Қоныс Әлімжанов бауырымыз.

Ереймен өңірінен алған әсерімді сөзбен айтып жеткізу қиын. Даңқы биік Бөгенбай батырдың ескерткіші бүкіл сахара даланы қорғап тұрғандай! Сол маңайдағы Бұқар жырау, Саққұлақ билердің кесенелерінде болдық. Жергілікті азаматтар асты-үстімізге түсіп, екі күн бойы керемет күтті. Жиыннан соң ол жақтан біздің елге қарай екі машинамен адам шығып, осы өлкеде мәңгілік тыныстаған атақты бабалардың басын көріп, әрі қарай сапарын жалғастырып кетті.

Жалпы осы жақтағы ағайындардың басы үнемі қосылып тұрады. Бұған дейін Мендеке батырға, Асаубай шешенге ас берілді. Әлібек, Мендеке батырларға аудан орталығында көше атаулары берілді. Бұның барлығы құрдаңғойлық, атақ шығару, ысырапшылық емес, еліміздің, туған Отанымыздың бір сүйем жерін жау қолына бермей, кейінгі ұрпақ — біздерге аманат етіп қалдырған аталарымыздың аруағының алдында орындаған борышымыз. Бабаларға қарыздар екенімізді ұмытпауымыз керек. Және бұл іс ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын үрдіс болып қалыптассын, болашақ балаларымыз бірін-бірі ұмытпасын, өз тарихын құрмет тұтсын деген оймен қолға алынып отыр.

Қарабай РАЙЫСОВ.

Сарыкөл ауданы.

● ДУАЛЫ АУЫЗДАН...

"Өз сөзім өзімдікі"

Ең соңында

"...Қазір жылтыратып өтірік айтуды мемлекеттік деңгейге көтердік. Өтірік өрге бастыратын құбылыс емес. Жерінің байлығы бар. Бірақ сол байлықты елдің игілігіне пайдаланар болса, Құдайдың бергені.

Екіншіден, гуманитария салалары ұлттық әдебиетке, тарих мәселелеріне келгенде біздің оқығандар дүниенің барлығы ақшаға байланысты, ақыл да, сана да ақшада деп ойлайды. Жоқ, олай емес. Сенің бір халықтың азаматы екендігіңді дәлелдейтін дүние не? Ол — әдебиет, мәдениет, өнер, тарих. Біздің басыларымыз ұлттық деңгейдегі мәселелерді екінші планға қойған. Өзің байқайсың ба, Үкіметтің жылдық есебінде алдымен барлық байлықты айтып алады да, ең соңында мәдениет пен әде-

биетке назар аударады".

"Керемет емес екен"

"Мен Валенси́на университетінің шетелмен байланыс жөніндегі проректоры, филология профессорының шақыруымен Францияда болдым. Әңгіме барысында, француз әдебиетінің ірі өкілдері туралы, қазір тірі жүргендерінің жай-күйі, шығармалары туралы сұрақ қойсам, әлгі филолог "оларың кім еді?" дейді. "Сен өзің французсың ба?" "Иә". "Ендеше Андрес, По, т.б. толып жатқан қайраткерлерді білесің бе?" "Білмеймін". "Сен қалай филологияның профессоры болып жүрсің?" десем, "Көркем шығармаларға жасалған суреттерді зерттеп, профессор болдым" дейді. Айдаладағы қазақ ортасындағы мен француздың ақын-жазушыларын білемін де, ол Францияда

өмір сүріп, бірде-бір француз жазушысының шығармасын білмейді.

Осындайdan қорытынды жаса-сақ, шетелдегінің бәрі керемет деуге болмайтынын көреміз."

"Кесек дүние жоқ"

"Соңғы кезде қоғамды елең еткізер не ірі кітап, не бір кесек дүние жоқ. Рас, ақындардың жылап-сықтаған, қуанып-шаттанған елең-жырлары бар. Проза, драматургияда елдің көңілінен шығатын зерттеулерді жасауымыз керек.

Ұлттық идея

"Капитализм — ақшаның құлы болу екенін біз баяғыда-ақ түсінгенбіз. Ғылым-білім саласында сапалы мамандардың жетіспеуі заңды. Осындай жағдайда "дикий капитализм" дегеннің бөлесіне

тап болдық. Жеке кісілердің жемқорлығы, жұтқыншағының үлкендігі, бәрін көріп отырымыз. Жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға түгел санап шығуға болады. Тек мал табудың, баюдың соңына түскен адам талай сұмдықтарға өріксіз барады. Экономиканы жөнге келтіріп алған шығармыз. Ұлттық идеяны көркейтудің жағдайын ойластыруымыз керек.

(Тұрсынбек КӘКІШЕВ, академик).

Кемел ұлт

"Ағылшындар — жүйкесі тозбаған, жасымаған халық. Бір-біріне қарағанда көзбен аймаласып тұрады. Олардан жөн сұрасаң, қуып жүріп түсіндіреді. Тағы бір таң қалатыным — ағылшындар өздерін "Ұлыбритандықпыз!" дейді. "Еуропалық" десең — намыстанады. "Еуропа — біздің шекпенімізден шыққан" дейді.

Мысал айтайын. Ағылшындардың таксиді өлемдегі таксилерден жарты метр биік. Неге? Театрға барғанда ағылшындар цилиндр

киіп барады екен. Бас киімнің төбесі тиіп қалмас үшін таксиді әдейі биік жасалған. Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда, таксидің төбесін ұзартқанша, бас киім қысқартқан оңай емес пе? Оңай. Бірақ олар ұлттық дәстүрді бәрінен де биік қоя білетін ел. Сондықтан да олар — Ұлыбритания! Соған қарап ұлттарды да түр-түрге бөлуге болатын сияқты: кемел ұлт, шалағай ұлт, жаңадан жетіліп келе жатқан балаң ұлт. Әлгіндей мінез ағылшын секілді кемел ұлтқа ғана жарасады."

"Еркін елді көруге құштармын"

"...Біз құлдық ұрып құрдай жорғалаған елміз. Құлдардың психологиясы белгілі. Байқайсың ба, біз, бір-бірімізге тура қарап сөйлемейміз ғой. Көзімізді алып-қашып жасып, төменшіктеп, бақайымыздың басына қарап сөйлейміз. Ал, мен еркін елді көруге құштар едім."

(Қабдеш ЖҰМАДИПОВ, ҚР халық жазушысы).

ДОС ТУРАЛЫ СЫР



*Досым, саған сенемін. Сеніп өтем!
Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.
Достық деген – адамның көрігі екен,
Достық деген ақылдың серігі екен*

Мұқағали

1974 жылдың ақпан айы. Қысқы каникул аяқталып, Алматыға оқуға аттану үшін ауылдан Қостанайға келдім. Жарты құрсақ студент болсақ та, ол кезде елге көбіне ұшақпен қатынаймыз. Үкімет шәкірттерге үлкен жеңілдік жасап қойған. Билет құнының 50 пайызын ғана төлейміз. Пойызбен ырғалып-жырғалып екі күн жүретін жолды, 2 сағаттың үстінде өңсесің. Кештетіп әуежайға жеттім. Кірсемиығы-жығы, адам көп екен. Әлден соң мен ұшатын Мәскеу-Қостанай-Алматы бағытындағы 509-шы рейске тіркеу басталды. Кезек менің алдымда тұрған жігітке де жетті. Бақылаушыға паспорттың, билеті мен студенттік құжатын көрсетіп жатыр. Студенттік билетіндегі КазГУ-дің мөртабаны көзіме оттай басылды. Тіркеу аяқталып, күту залына өттік. Жан-жағымды көзбен шолып, әлгі жігітті іздей бастадым. Анадай жерде тұр екен. Басында ақ қоян құлақшын. Үстінде өзіне құйып қойғандай қара шалақ тон. Бойшаң келген ірі денелі. Екі иығына екі адам мінгендей мығым, қақпақ жауырынды, келбетті жігіт екен. Қимыл-қозғалысы да ширақ. Дәу де болса, спортшы шығар-ау деп жорамалдадым. Жанына барып жақын амандасып, жөн сұрадым. Өзіміздің КазГУ-дің студенті болып шықты. Тек факультетіміз бөлек: мен заңгерлікке, ол физика мамандығына оқып жатыр екен. Қоян құлақшынды шешіп, киер жағына қолын сұғып сілкі берді де, өзін Тілеген деп таныстырды. Кірпі шашы үрдііп, қалың өрні дүрдііп, дәу қабақтың астындағы шыны көзілдіріктің артынан кісіге тік қарайды екен. Үлкен, отты өткір көздері қадалғанда өңменіңнен өтеді. Тілеген екеуіміз осылай таныстық. Кейін таныстығымыз достыққа ұласты. Сыртынан қарағанда қалпы суық көрінетін Тілеген араласа келе нәті жұмсақ, жүрегі кең, мейірімді, аса бауырмал жігіт болып шықты. Осылайша, екеуімізді Қостанай әуежайы табыстырып, Алматы достастырып, қара шаңырақ – КазГУ егіз қозыдай бауырластырып жіберді.

Бүгінгі қазақтың Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті, кешегі Киров атындағы КазГУ-дің 11 факультетінде 5 мыңға жуық студент оқыды. Біздің заң факультетінің студенттері Нархоздың (Халық шаруашылығы институты) 10-шы шағын аудандағы жатақханасында тұрдық. Ал Тілеген оқитын физфак орталықта, Никольск базарының қасында орналасқан. Қазір қалай екенін білмедім, о кезде КазГУ-дің әр жатақханасында студсовет (студенттер кеңесі), ОКД (жедел комсомол жасағы) дейтін ұйымдар жұмыс істейтін. Жатақханадағы тәртіпті бақылау, мүлікті сақтау, студенттердің жүріс-тұрысын қадағалау, мереке күндері өтетін мәдени-бұқа-

ралық ойын-сауық шараларының ойдағыдай өтуін қамтамасыз ету осы ОКД-ға жүктелген. Кәдімгі студенттердің милициясы тәрізді. Ұйым мүшелерінің киетін арнайы формасы, тағатын поғоны бар. Құдай оның бетін ары қылсын, жазатайым тәртіп бұзып, ОКД хаттама жазып, деканатқа жіберсе, мәселен май шаммен қаралады дей бер. Не оқудан шығасың, тіпті оңай құтылдың дегенде жатақханадан қуыласың. Тілеген 2-курста осы ОКД-ның командирі болып сайланды. Біздің заң факультетінде көбіне әскерде қызмет еткен, оң солын танып қалған ересек жігіттер оқыды. Бірде жатақханада төбелес болып, арты үлкен шуға айналды. Келесі күні факультеттің ОКД бастығын ОКД штабына шақыртты. Біздің командир ауырып қалып, орнына орынбасары – мен бардым. Баяғы қара нанды бөліп жеп, қайғысыз, қамсыз ойнап күліп жүретін Тілеген жоқ. Мұрты өдірейіп, көзі бақырайып, үлкен денесі тұтас бұрылып тіке қарағанда, алдында отырған адамның өзінен-өзі құты қашып, кәдімгідей мысы басылып, жүні жығылып қалады. Кабинетіне кіре беріп ем, бірден дүрсе қоя берді. Басы шақшиып, көзі ақшиып төбеңнен шүйліккенде тіпті кірерге тесік таппай қалады екенсің. Екі иығында үлкен жұлдызды екі поғоны бар, сұр формасы сырт көзге онсыз да суық көрінетін досымның жүзін тіпті сұсты ғып жіберген. Тап бір сол төбелесті мен ұйымдастырғандай, жеті қат дүниенің бар пәлесін үйіріп әкеліп үйді ғой дейсің басыма. "Заң факультетінде тәртіп жоқ! Бәрі шетінен бұзық!". Қысқасы, не керек, досымнан сөгіс алып мойным салбырап жатақханаға келдім. О баста ренжігеніммен, кейін бәрі ұмытылып кетті. Тілегеннің қоғамдық жұмыс барысында көпшілік мүддесі үшін ешкімді алаламайтын, тіпті керек болса, жақынын да аямайтын, әділ ұйымдастырушы, турашыл азамат екеніне сол кезде көз жеткіздім.

1976 жылдың жаз айы. Тілеген екеуіміз бір жатақханада тұрамыз. Қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысқаным үшін досым орталықтағы осы жатақханадан орын алып берген. Сессия жүріп жатыр. Студенттер үшін бұл бір аласапыран кезең. Бір күні Тілеген екеуіміз емтиханға асығып бара жатып, жер асты арқылы жүретін өткел жолға түстік. Жол шетінде қайыр тілеп бір әйел отыр екен. Екеуімізде баржоғы – тұтас үш сомдық қана. Оны бүтіндей бере салсақ, стипендияға дейін әлі 2-3 күн бар. Бірдеме қып күн көріске жеткізу керек. Ал бермейін десең, көңілде дық қалады. Мына әйелдің қарғысы ұрып, алдағы емтиханнан құлап қалатын сияқтымыз. Жолымызды кескен қайыршыны құр алақан қалдырып кете алмай кәдімгідей кідіріп қалдық. Аз-кем ойланyp тұрып, Тілеген: "Сен қайыршыға бар да мына 3 сомды беріп, 2 сомын қайтарып ал" – дейді. "Қайыр сұрап отырған адамнан қалай ыздачы сұраймын" – деп мен азарбезер болам. Абырой болғанда, ақшамыз-

ды бір кісі айырып беріп, оның бір сомын қайыршыға тастап, парызымыздан құтылып, емтиханға қарай жүргірдік.

Алматыда өткен алаулы шақтарда Тілеген екеуіміздің басымыздан талай қызық өтті. 1978 жылы оқуды тәмамдадық. Шіліңгір шілденің аптап ыстығында әскери даярлықтан өту үшін Қарағанды облысындағы Спаск (бұрынғы Карлаг) деген әскери полигонға аттандық. Теміртау қаласында бөрімізге әскери киім кигізді. Сөйтіп бір күнде солдат болып шыға келдік. Аяқта керзі етік, баста сарғыш панама. Айдалада палаткадан тігілген әскери жатаққа келдік. Оқу-жаттығу жиынына бізден бөлек, Целиноград инженерлік-құрылыс институты мен Қарағанды медициналық институтының түлектері, басқа да аймақтардың студенттері көп келіпті. Осылайша, кеше ғана арайлы Алматының сыршыл саябағында серуендеп, студенттік жатақхананың қонақжай бөлмелерінде сайран салған алаңсыз күндер артта қалып, кеңдігінен көз сүрінетін қурайсыз қу даладағы әскери өмір басталып кетті. Таңғы сағат 6.00-де дабылмен көтереді. Кешкі сағат 22.00-де ұйқыға жатамыз. Ертеден қара көшке дейін бес қаруымызды асынып, 34/24 деген зеңбіректі сүйреп жаттығуға аттанамыз. Әбден ақ саусақ болып қалғандықтан ба, жиынның алғашқы күндері алақанымыз күлдіреп, сілеміз қатып қатты шаршап жүрдік. Шаршаған былай тұрсын, оңған тамақ та жоқ. Күнұзақ қара сусыз қарын шұрылдағанда көз алдың бұлдырап, басың айналады. Байқаймын, кең иықты, төртбақ денелі, тамақсаулау Тілеген досым бір айдан соң ақырындап жүдей бастады. Мен командирдің тыл бойынша орынбасарымен тіл табысып, анда-санда орайы келгенде 3-4 банкі консервіленген ет алып Тілегенге беріп жүрдім. Тәртіп темірдей қатаң. Басының рұқсатынсыз аттап басуға болмайды. Тәртіп бұзған адам қатаң жазаға тартылады. Кенептен керілген әскери жатақта маса мен құрт-құмырсақа таланып екі жарым ай бойы жаттық.

Бірде сенбі күні түстен кейін демалыс жарияланды. Тілеген екеуіміз жақын маңдағы көлге барып гимнастерка, шалбарымызды жуып алайық деп шештік. Сөйтіп 2-3 банкі консервіленген ет, нан-суымызды алып көлге қарай кеттік. Өңгімелесіп келе жатып лагерьдің шекарасынан шығып кеткенімізді де байқамадық. Көл жағасындағы қолайлы жер осы-ау деп шама-лап, дтіткен жағалауға тақай бердік те, буын-буынымыздан күш кетіп состиып қаттық та қалдық. Алдымызда жағалауда демалып жүрген бастықтарымыз тұрды. Сөйтіп полк командирі, штаб бастығы, басқа да жоғары құрамдағы офицерлер бар кілең демалып отырған шенділердің үстінен бір-ақ түсіппіз. Тұзаққа түскен торғайдай болдық. Бір офицер фамилиямыз бен оқу орнымызды жазып алды да, лагерьге қарай қуды. Тілеген екеуіміз аптап ыстықта өкпемізді қолымызға алып, құйғытып ұшып келеміз. Ізіміден УАЗ көлігіне мінген бастықтар қуып келеді. 3-4 шақырымдай шығып кетіппіз, сүмектей болып терге малынып, екпіндей жүгіріп лагерьге де кірдік. Екеуімізді екі офицер екі бөліп алып кетті де, жазбаша түсініктеме алды. Қайта-қайта бастырмалатып жауап алады. Сондағы сұрайтқыны: "Кім ұйымдастырды?", "Кім бастады?". Осы екі сұрақты айналдырып әкеліп қайталай береді. Жазадан құтылмасымызды сезіп, "Көлге барайық деп мен бастама көтердім. Бастаушы да, ұйымдастырушы да менмін" – деп мойындау жазып бердім. Сондағы ойым "Тілегеннің тік мінезін жақсы білемін. Ол

ғаупвахтаға түссе, жай жатпайды. Біреулермен сөзге келіп ерегесіп, жағдайды одан өрмен ұшықтырып алуы мүмкін. Мен бірдеме қып тіл табысармын" болды. Не керек, бас аяғы 20-30 минут өткенде барлық солдат-студенттер сапқа тұрғызылып, Тілеген екеуімізді екі офицер екі жақтан саптың алдына алып шықты. Подполковник шеніндегі штаб бастығы біздің әскери тәртіпке бағынбай, лагерь шекарасынан сыртқа рұқсатсыз шыққанымызды бүкіл көпшілікке жария етті. Бұл аса өрескел тәртіп бұзушылық екенін нығыздап айтып, екеуімізге қатаң шара қолданылатынын айтты. Мен көзімнің астымен ұрланып Тілегенге қараймын. Қабағы тарс түйіліп, түнеріп кетіпті. Намыстан жарылардай қып-қызыл болып, үнсіз тұр. Полк командирі екеуіміздің түсініктеме хатымызға кезек-кезек қарап тұрды да, одан офицерлер өзара кеңесе бастады. Мен ғаупвахтаға кетуге іштей біржола бекініп тұрмын. Бүкіл сап бізге аяй, мүсіркей қарап тұрған сияқты. Бір секундтың өзі бір ғасырдай болып созылған аса азапты сәттер өтер емес. Не де болса, біткен жеріміз осы болды ғой деп біз тұрмыз. Бір кезде офицерлер кеңесі де аяқталды-ау әйтеуір. Штаб бастығы әскери жарғыға бағынбай, өз бетімізше лагерь аумағын тастап кеткеніміз үшін Тілеген екеуімізге қатаң сөгіс жариялап, 2 күн бойы асхана жұмысына жегілетінімізді жеткізді. Иығымыздан тау түскендей болып біз де "Уһ!" деп жеңілдеп қалдық. Көпшілік студент-солдаттар да әділетті үкім екенін айтып қолдау танытып жатыр. Осылайша, біз алдағы өмірімізге сабақ болатындай үлкен бір тәжірибе алдық. Артынан штаб бастығы бізді шақырып алып, сендер достыққа адалдық таныттыңдар. Бір-біріңді қорғаштап, екеуің де бастарыңды қауіпке біріңші тіктіңдер. Нағыз достық осындай қиын-қыстау кезеңде сыналады. Полк командирі сендерге риза болғандықтан, осындай жеңіл үкім шығарды – деді. Артынан бірдем, мен сияқты Тілеген де "Көлге барайық деп мен бастама көтердім. Бастаушы да, ұйымдастырушы да менмін" – деп жазып беріпті. Жарты айдан соң оқу-жаттығу жиынын абыроймен аяқтап, лейтенант атағын алып Алматыға қайттық.

Содан бері, міне, 38 жыл өтіпті. Тілеген екеуіміздің достығымыз әлі де үзілген жоқ. Араласып, хабарласып, бір-біріміздің қал-жағдайымызды сұрасып, қол босай қалса сырласып тұрамыз. Досым бүгінде Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының проректоры. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор. Ұлттық тәрбие бастаулары туралы бірнеше ғылыми монографиялардың авторы.

Енді, міне, Тілеген қарашаның 27-сі күні 60 жасқа толғалы отыр. "Алпыс – тал тұс" – дейтін халықпыз. Досыма тал түсің құтты болсын! – дегім келеді. Оған ырыс-берекеге толы, бақытты һәм шуақты ұзақ ғұмыр тілеймін! "Көйлектің жаңасы, Достың ескісі жақсы" – деп классик жазушы Бердібек Соқпақбаев айтпақшы, жалынды жастықтың талай қызығын бірге бөліскен Тілегеннің достық келбеті мен нар тұлғасы мен үшін уақыт озған сайын асқақтай бермек. Адал досқа ақ тілегімді мынадай жыр жолдарымен түйіндегім келеді:

КазГУ-де өткен қамсыз күндер аңсатты,
Сағынышпен еске аламын сол шақты.
Есі кетіп, досым сенің, артыңнан,
Жүруші еді он шақты қыз моншақты

Біреу жылап "Сүйемін" деп ышқынып,
Ал біреуі "Күйемін" деп түшкіріп
Жүруші еді байқұс қыздар. Алайда,
Ешбіріне қарамаушы ең пысқырып.

Өмір деген сәт екен ғой қас-қағым,
Зу етті де, өте шықты жас шағың.
Тастап кеттің Алатаудың асқарын,
Аңсадың да туған жердің аспанын.

Досым, енді құтты болсын алпысың,
Өміріңнің дәл ортасы – тал түсің.
Сапарыңның сәтті өткіздің жартысын,
Жүрегінді жігер, қуат шарпысын,
Күдіретті Алла өзі нәсіп қып,
Берсін саған тағы да бір алпысын!

Ізгі тілекпен:
досың Назымбек ҒАЛЫМҰЛЫ.
Қостанай қаласы.

БАЙЫРҒЫ ДӘСТҮР-ҒҰРЫП

(Соңы. Басы газеттің өткен санында)

Жалпы, омыртқа атаулының тесігінің ішінен жұлын тұтасы өтетіндіктен белдеме де өте жанды әрі нәзік мүше болып табылады. Белдеме мал қаңқасының артқы бөксе бөлігі саналатын құйымшағына тіреліп тұрған беломыртқа болғандықтан күш қозғалыстың барлығы оған түседі. Сол себептен де қара өлеңде "Қара нар жүк көтермес, бел кеткен соң" деген жолдар бар (Қазақтың этнографиялық атаулар, ұғымдар мен категорияларының дәстүрлі жүйесі. Алматы, 2011.)

Қазіргі балалар белдеме қаңқасының пошымына байланысты оны "аэроплан сүйек" деп те елестетеді.

Белдеме омыртқа

– қазақ салтында сыйлы қонаққа жамбастан кейін тартылатын кәделі де дәмді мүше. Ал Қазақстанның орталық аймағы Сарыарқада соғым сойғанда арнайы омыртқаға (беломыртқаға) шақыру салты да қалыптасқан.

Осындай сыйлы қонақасы кезінде кәделі табаққа тартылған сыбағалы белдеме пышақпен әбден мүжіліп болған соң, қонақтар жастарға тәрбие беру мақсатында "белдемені сынау", яғни "белдеменің сегіз сынын айту" салтын орындайтын болған. Кәделі табактан тоя дәм татып болған соң меймандар енді етінен босаған белдеме сүйекті сынау арқылы үй иелерін, әсіресе жастарды көңіл көтеруге, тамашаны қызықтап бой сергітуге ұмтылдыратын болған. Ол үшін кейде келген қонақ табактас болған адамдардан немесе үй иелері мейманнан "белдеменің сынын айтуды" талап етіп, белдеме омыртқаны ортаға ұсынады. Егер үлкендер белдеменің сегіз сынын білетін болса, үндемей, білмейтін жастарды сынады. Ал жастардан мұны білетін адам табылмаса, білгір үлкен адам белдемені қолына алып, салтты орындай беретін болған.

Беломыртқаның көзге шалынатын бөгенайлы әрбір негізгі бөліктерінің, яғни омыртқа құрылысының атауларын былайша шағын өлеңге айналдырып, теңеулер айтатын:

Батырдың маңдайы.
Шешеннің таңдайы.

Жұмыр жердің жәннаты.
Самұрық құстың қанаты.

Асқар таудың заңғары.
Өзен-судың аңғары

Арғымақ аттың азуы
Ұстаның ыңғыруы.
Барлығы – жүйрік аттың

ер тұрманы.

Қазақ арасына белдеменің сегіз сыны туралы неше түрлі аңыз-әңгіме, өлең-жырлар ерте заманда таралған:

"Ағлақ деген сері жігіт өзінің ақын досы Жүкейді ертіп, Шүйдің наймандарын аралап, қалыңдық таңдайды. Ақыры бір ауылға құда түсіп, қызбен келісіп, ата-анасы қызын беретін болады. Ағлақтың елі алыс қалғандықтан, ұзақ жатып, қыздың тойын жасатып, алып қайтуға тура келеді. Күйеу жігіт пен досы қыздың туыстарын аралап, таныса бастайды. Қыздың аталас тағы бір туысы шақырып, думан жасаса керек. Бозбалалардың ортасында ойын қыза-қыза келіп, ет жеп отырған кезде наймандардың бір



тақуа жігіті мынандай ұсыныс шығарады. Ол мүжіген белдемені көрсетіп: "Білімділік, тапқырлықтың өзі – болымсыз нәрсеге мән бере білу деген сөз. Сондықтан бұған асыл күйеу Ағлақ, қадірлі құда Жүкей екеуі куә болсын. Егер ұлттық ойынды шешіп бере алмаса, қызымызды бермейміз. Ойынды жақсы құрастырса, қызымызды қалың малымен риза қош аттандырамыз", – дейді.

Ағлақ белдемені алып, әрбір мүшелерін жеке-жеке сынап: "Алып қара құстың қанаты, батырдың маңдайы, шешеннің таңдайы, шебердің ыңғыруы, жүйрік аттың азуы, бәйбішенің көпшігі, Жолқынның өзені, Тәпкінің тауы", – деп сегіз түрлі сын тағады.

– "Енді сегіз сынға сегіз ауыз өлең қоссын", – деп Жүкейге ұсынады. Сонда Жүкей, Ағлақ айтқан сегіз сынды домбыраға қосып былайша өнге салады:

Мирас боп бабамыздан бізге қалған,
Білмесек бізге де арман,

Осы екен сегіз сынның біріншісі,
Қанаты қыран құстың бұлтты

Сан найза садақ ұстап саралаған,
Ерлер бар туған жерін аялаған.

Батырдың маңдайы деп

Бар жанын елі үшін аямаған.

Шешендік ешқашан да

Асыл сөз атамыздан қалған ырыс.

Шешеннің таңдайы деп сыналыпты,
Бақытқа бастаса екен осы жүріс.

Құралған өнер шіркін асыл ойдан,
Сүйінем талапты ерге құшақ жайған.

Шебердің ыңғыруы дөлінген бұл,
Тобына қосылатын асыл сайман.

Өлеңге жүргенім жоқ құр мақтанып,
Жастарға өнім қалсын шумақталып.

Азуы жүйрік аттың деп сыналған,
Соңында құйын қалған будақталып.

Алтайдай не жетеді асыл жерге,
Тең болсын наймандардай есіл елге.

Анасыз жоқ тіршілік тиянағы,
Аналар мініп келген мұндай ерге.

Айдынды аласұрып ала толқын,
Толқиды, дөнбекшиді ширап ол тым,

Тентегі табиғаттың есімі бұл,
Жолында тауды тескен асау

Жолқын.

Көрдің бе қызыл тілдің шапқылауын,
Күйреткен Жолқын өзен

нақты жауын.

Осымен сегіз сының теңеледі,

Астынан өткізіп тұр Тәпкі тауын,
– деп Жүкей төрдегі ақсақалдарға иіліп сәлем етеді. Күйеу жігіттің алуан түрлі өнеріне риза болған наймандар келісті тойын жасап, қыздарын беріп, Ағлақты еліне шығарып салған екен деседі" (С.Орайханұлы). * * *

МЫСҚАЛ

– негізінен, бағалы заттар (алтын, күміс, т.б.) мен бояулардың өлшемі ретінде қолданылған. Ал мысқалды салмағы үлкен өлшем бірлігі – қантармен (56,443 г) салыстырып, оның кішкентай, жеңіл немесе аздығы туралы қашқынның өмірі тұтқынның тіршілігінен гөрі бір мысқал тәуір ғой (Қ.Жұмаділов, Тағдыр) сияқты сөйлемдер әдебиеттерде және батпандап кіріп, мысқалдап шығу сияқты мақалдар көптеп кездеседі.

УЫС

– жартылай жұмылғанда қолдың (алақанның) ала алатын мөлшері = 4 саусақ = 0,07 м, басқаша айтқанда, қолдың саусақтарын жымдастыра бүккендегі алақан аясының іші. Екі алақанның қоса өлшенген салмақтың бірлігі – қос уыс деп айтылады. Қос уыс – уыстың екі есе артық салмағына тең өлшем бірлігі.

ҚАДАҚ

– ертедегі шығыс елдерінің көбінде, оның ішінде қазақ және түрік халықтарында да қолданылған салмақ бірлігі болып табылады. Бұл Еуропада көп тараған фунт өлшеміне сәйкес келеді

Шығыс елдерімен қатар, түрік халықтарының да ежелден қолданылған салмақ өлшемдерінің тағы бір түрі – **батпан** деп аталады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде және көне түрік өлшемінен қарағанда батпан 180-300 кг аралығындағы салмақ өлшемін білдіреді. Осы атаумен байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерден, мысалы: бұл не деген батпан құйрық, су түбінде жатқан құйрық; пұт болдым деп мақтанба, одан да ауыр батпан бар; бала атадан батпан артық туады, т.с.с. * * *

БЕЛКӨТЕРЕР

– қарт кісілерге, ауру адамдарға жақын туыстарының дәмді тағамдарды әдейі дайындап апарып, тілектестік білдіретін салт.

ТЫШҚАНШЫҚ САЛУ

Жас баласы ауырып, төсектен тұрған кезде әке-шешесі немесе ата-әжесі оны

жақын ағайын, нағашыларының үйіне ырым етіп алып келеді. Келген үй ол балаға әдейі арнап мал сояды немесе басқа тамақ істеп: "Жаман ауруды жақсы ас кетіреді", – деп ырымдап, тілек айтып, жегізеді. Мұндай ырымды тышқаншық салу дейді.

ШҮЛЕН АС

Бұрынғы кезде ауқатты байлар мен белгілі адамдар кедей-кепшіктерді әдейі шақырып, мал сойып, тойғызған. Мұны шүлен ас деп атаған.

ШАШЫРАТҚЫ

Күзде қойға қошқар қосқанда мал иелері ауылдастарына қонақасы берген. Шашыратқы дәстүріне қатынасқан адамдар: "Төл көп болсын! Малың аман болсын!" – деп, батасын берген.

ШОШАЙ

Өткен ғасырларда қазақ халқы Отанын, дінін сатқандарға, құдайға, пайғамбарға, аруаққа тіл тигізгендерге, аса ауыр қылмыс жасағандарға өте қатаң тәртіптік заң қолданған. Ол заңның аты – шошай.

Шошай ету деген – қылмыскердің үйін ауылдан бес-алты жүз қадам бөлек тігу. Ол үйдің адамын да, малын да ауылымен араластырмайды. Сөйтіп, ел заңында материалдық қана емес, рухани жағынан да жазалау. Мұндай жағдайға ұшыраған үйді шошай үй, адамын шошай қазақ деп атайды. Оларға құрмет жасалмайды, олар қонаққа, тойға, мәжіліске шақырылмайды.

КӨҢІЛ ШАЙ

Адам өмірінде қуанышты да, ренішті де жағдайлар болады. Басына іс түскенде, тұрмыста кездесетін қиын жағдайда, ренішті, күйінішті кездерде адамдар бір-біріне көңіл білдіріп, қиыншылыққа ортақтасып, ақыл-кеңес береді. Ашулы сәтте басу айтады. Міне, осындай кездерде ауылы аралас ағайын-туыс көңіл білдіріп, дастарқан жаяды. Аталған жағдайларда жайылған дастарқан "Көңіл шай" деп аталады.

"ҚОЛКЕСЕР"

– мал сойысқан адамға үй иесінің сол сойылған малдың етінен шикідей беретін сыбағасы. Соғым кезінде болсын, басқа уақытта болсын, мал сойғанда жаза басып қолын кесіп алуы мүмкін ғой. Әу баста қолын жарақаттап алған кісіге өтеу ретінде берілген секілді. Кейін келе мал сойысып көмектескен адамға алғыс айту ретінде дәстүрге айналған.

"АЙЫРЫЛЫСАР КӨЖЕ", "АЙЫРЫЛЫСАР АЯҚ", "КӨШЕРЛІК" БЕРУ

– ертеден бері келе жатқан жақсы салт. Сыйласқан адамдар бұрындары күздеуге не қыстауға көшерде, иә болмаса, басқа жаққа қоныс аударғанда бір-бірін дәмге шақырысады. Кәдімгідей мал сойып, қадірлі мүшелерді алдына тартады. "Ұрыспай айырылысқан – ұялмай қосылады" деген аталы сөз бар. Қоныстас болғандар бір-біріне игі ниет-тілектерін айтып, "алдағы уақытта да дәмдес-тұздас болуға тәңірі жазсын" деп қоштасады.

● ТАҒЫМ

Тамаша ұстаз, асқартау әке болатын

2016 жылдың көктемінде бауырымыз, асқартау әке Біржікенов Әлімбай Әбдіғалиұлының бұл дүниеден өткеніне 10 жыл толды.

Әлімбай Әбдіғалиұлы елгезектік, қарапайымдылық сияқты ізгі қасиеттерімен ерекшеленетін. Білікті маман, білімді ұстаз, асқартау қамқор әке болатын. Алдына мақсат қоя білетін, бір екі күндік емес, жылдарға жоспарлап, соған жетуге талмай еңбектенетін. Ол әкесіне тартып есепке жүйрік, математик болды. Қолына алған қандай кәсіп болмасын, сол ісінің формуласын тауып, нәтижесіне дәл соқтыратын. Аяқтаған ісінде артық-кемі болмайтын, қиюын қиыстырып жіберетін. Әлекең бір жылдары іні, жиен, күйеу баласын ерітіп жүріп кірпіш құйып, туған ауылы Ақкөлде заманауи үлгідегі үй тұрғызды. Үйдің құрылысын аяқтап, жаңа қонысқа көшіп жатқанда қуанышымен бөлісейін деп, мен де кіріп шықтым. Әлекең үйдің ауласын жинақтап жүр екен. Жанында әлі мектеп табалдырығын аттамаған ұлы Айбек бар. Айбек екі білегіне кірпіш салып алған саусағының ұштарын ерніне тигізіп бірдеңе санап жүр. Байқасам, қанша кірпіш тасыды, қаншасы қалды, соның есебін шығарып жүр екен. Ол уақытта электр жарығын әр көшеге екі-ақ сағаттан беретін, теледидар да жоқ.

Сонда байқағаным, ол далада баласын ойнатып, бір жағынан еңбекке баулып жүрсе, екінші жағынан есепке үйретіп мектепке дайындығын пысықтап жүр екен. Балаға деген қамқорлығы осындай еді. Әттегенайы, Әлекең сол үйдің қызығын көп көре алмады, науқастаныңқырап жүретін. Елден қалаға көшті. Бір күні Торғайда

маған келіп "Аға, Қостанайға көшемің, автобазадан көлік алып бер" деді. Мен уәделі күні екі КамАЗ-ды тіркемесімен алып бардым. Жүгін тиеп, көштің бетін теріскейге бұрып тұрғанымызда, әулеттің үлкені, Ақкөл өңірінің абыз ақсақалы тоқсандағы Ағытай тәтеміздің әдейі келіп, шығарып салып тұрып: "Әлімбайым-ау, сен мені тастап қайда кетіп барасың, біреу басымды сүйесе сен сүйейді ғой деуші едім, ақтық сапарымдағы мәжілісті сен басқарады деп жүруші едім" деп көзін қолымен сүртіп тұрып қоштасқанын көріп едім. Тәтем бұл сөзін кейін ешкімге айтқан жоқ. Сонда Әлекеңнің туысқа қадірлі, елге сыйлы азамат екеніне тағы бір көзім жеткен еді...

Әлімбай қалаға жақын ауылдан үй алды, мектепке жұмысқа тұрды, келінді де орналастырды. Ұзатпай қаланың ортасынан үй алып, екі баласын жоғары оқу орнына түсірді. Әлімбай тағы да өзінің болжағанының дұрыстығын көрсетіп кетті. Көзі тірісінде отбасын жеткізіп, артында қалдырған жиған-тергені балаларының өз қолы өз аузына жеткенше жетінін білген екен.

Иә, шүкір тәубе дейміз де. Өзі болмаса да көзіндей болып екі ұлы, бір қызы жүр. Үшеуі де мектепті де, жоғары оқу орнын да үздік аяқтады. Бірі бойжетіп тұрмыс құрды, бірі ер жетіп шаңырақ көтерді. Шүкір, ат жалын тартып атқа да қонды.

Батыр Бауыржан Момышұлы айтқан екен: "Батырды ана батыр қылып тумады, орта тәрбиелейді, уақыт шыңдайды" деп. Балалар ағайынның ортасында тәрбиеленді, әкесі жоқ демесе, жетімдік көрген жоқ. Шеттеген жоқ. Мінездері қалыптасты. Бала

тәрбиесі дегенде анасы Әбдіхамитқызы Майра келіннің еңбегін айтпасқа болмайды. Балаға қасиет ана сүтімен сүйекке сіңеді деген.

Әуелде абдырап қалғанымен Майра есін тез жиды. Әлекеңнің шаңырағын құлатпады. Балаларын жеке бөлектемей ағайынның ортасында бақты-қақты, өсірді. Абысын-қайынағаларының алдын кеспей, әй-шәй деспей, сыйластықпен келеді. Уақыт – емші деген, тағдырдың барлық сынағынан сүрінбей өтіп келеді. Майраға ендігі тілеріміз, тек балаларының, немерешөберелерінің қызығын ғана көрсін демекпіз. Әкеміз Әбдіғали анамыз Күлайдың көзі тірісінде ақбосағамызды бірінші аттаған келіні, асыл жеңгеміз Сәбденқызы Жәмила марқұм болатын. Жәмила біздің шаңыраққа құт-береке әкелді. Ынтымағымыз арта түсті. Осы Жәмила абысының үлгі-өнегесін көрген, тәрбиесін алған келіндері бүгінде әке атанып отырған Алмагүл бастаған Рсалды, Майра, Қуанышқұл дәстүрді жалғастырып, ақбосағаны аттаған келіндерге қамқор болып, бағыт-бағдар көрсетіп отыр.

Осындайда осылай бауырыңды еске алғанда сағыныштан жүрегің сыздайды екен...

Әлімбайдың осы маңғаз бейнесі әулетінің, ауылдастарының, құрбы-құрдастары мен студент достарының есінде қалып, әр кез естелік айтары хақ. Әлімбай тірі болып ортамызда жүрсе биыл 27 қарашада 57 жасқа толар еді. Бүгінде оның тұлғасын сағына еске аламыз. Алладан оның жаны жәннатта болсын деп тілеп, рухына әркез құран бағыштаймыз.

Еске алушы ағасы Аамандық Әбдіғалиұлы Біржікен.

ҚҰТТЫҚТАУ


Мерейтой-60!

Аманкелді ауданы, Бүйректал ауылының тұрғыны, ардақты әкеміз **Серикбаев Құсайын Жәкішұлы** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Зор денсаулық, ұзақ өмір, ашық аспан тілейміз. Әкемізге балалары мен немерелерінің, туыстары мен дос-жарандарының ортасында күліп-ойнап, бақытқа бөленіп жүре беріңіз дей келе мына жыр жолдарын арнаймыз:

Алпыс жасың, әкешім құтты болсын,
Денсаулығың әрқашан мықты болсын.
Әр таңың арайлап атып,

Өмірің шаттық пенен нұрға толсын.
**Тілек білдірушілер: ұлдары: Медет, Әсет,
Шыңғыс, Гамзат, Абылайхан. Келіндері:
Мариям, Аяулым, немерелері:**

Сабина, Маулен, Айсұлтан, Жансел.




Құттықтаймыз!

Аманкелді ауданы Бүйректал ауылының тұрғыны құдамыз **СЕРИКБАЕВ Құсайын Жәкішұлы**н қарашаның 24-інде 60 жасқа толуымен құттықтаймыз.

Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!
Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да!

Ізгі тілекпен: **үлкен құдағиыңыз –
Қадиша, құдаң – Сайлау, құдағиың – Нұрсәуле,
құда балаң – Дулат.**



Затобол кентінде тақтай, бөрене, шырғай, штакетник, т.б. ағаштың барлық түрлерін өлшемдерімен сатамыз. Ұсақ малмен, қара малға да айырбастау мүмкіндігін қарастырамыз. Тел: 8-705-562-0-1-2-3

Өтініш бауырларыма!

2017 жылы баспадан көп тиражбен атам Сатыбалдыұлы Файзолланың жыр-дастандары толықтырылып шығаруға дайын. Сондықтан кезінде марқұм әкем Сұлтан-Ахмет Зияуитденұлының ағайындарына газетке басып шығаруға аманат етіп берген қолжазба, машинкаға басылған еңбектерімен Сатыбалды ишан шөбересі Рамазан Сұлтанұлына қайтаруларыңызды өтінеміз. "Шерлі жылдар, шерулі жырлар" кітап сияқты толықтырылған еңбегін де сыйлыққа алатындарыңызды естеріңізге саламыз. Хабарласыңыздар, ағайын. 8-775-338-00-98, 8-705-901-69-757.

● ЕСКЕ АЛУ


Жүрегі шуақты қамқоршы еді...

Әкеміз **Біржікенов Әлімбай Әбдіғалиұлы** тірі болғанда 29 қарашада 57 жасқа толар еді. Бұл фәни өмірден өткеніне 10 жылдың жүзі болды. Әке – асқар тау деп бекер айтылмаған, басына қиын іс түскенде демеу беріп, әкелік күш-қайрат беретін адамың болса қандай жақсы. Қиналған сәттерінде, жаның аналық мейірімділікпен қоса әкелік қамқорлықты да іздейді екен. Бірақ, амал қанша... Әкем жарықтық өмірінің ақтық демі таусылғанша бейнетшілікпен кетті. Қысқа өмірі оны қаншалықты қуантқанын білмеймін, бірақ әкеміздің бізді қуантқаны, әркез қуантқысы кеп тұратыны есте. Әкеміздің жылы мейірімен қараған мөлдір көздері әлі күнге көз алдымызда. Әкем өте балажан еді, баланың тілін жақсы табатын. Әкеміз балаларына деген қамқорлығы аса биік еді, қызғаншақтық не болмаса басқалармен бақталасатын кезін көрген емеспіз, қолы ашық жомарт кісі болатын. Ұстаздық еткен мектептерінде де оқушылары әкемді сыйлап, қатты жақсы көретін. Өзінің басынан көшкен оқиғаларын айтып отыратын, "ойларында болсын, бірі болмаса бірінен тәлім алар, сабақ болар, өмірде пайдасы тиер" деп ойлайтын болса керек. Адам баласын ренжітпейтін. Қай жерде жұмыс істемесін, әркез ұжымына сыйлы, өз ортасында абыройлы болды. Өзі өте қарапайым, кімге болса да жылы сөйлеп, мейірімін төгіп жүруші еді.

10 жыл өтті асқар тауым құлағалы,
10 жыл өтті анам іздеп жылағалы.
Әр күніміз сағынышпен өткенімен
Жүрегіміз әке деп соғады әлі.
Тәрбиенді көріп өстік жасымыздан
Ешкім сендей сипамаған басымыздан.
Түсіне алмай қалдық әке артыңда,
Кетуінде болды-ау бізге тосыннан.
Алла салды басымызға сынақты,
Жіі еске алсын деп пе жылатты.
Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай

Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты.
Ұл-қызыңды білімді ғып өсірдің.
Шалыс басқан артық-кемін көшірдің.
Туыстардың қамын жедің ертеден.
Бауырларым деп өттің осы өмірден.
Ұстаз едің білім берген жастарға,
Құшағың да ашық еді достарға.
Алдын ала ойға түйіп барлығың,
Әрбір ісің енуші еді жоспарға.

Еске алушы: жұбайы, балалары.



Еске алу

Асқар таудай әкеміз, немерелерінің ақылшы атасы, отбасымыздың қара нардай тірегі болған, аяулы жар, жан әкеміз **БЕКСҰЛТАНОВ Балдырған Омарұлы** өмірден озғанына 21 қарашада 1 жыл толып отыр. Әкеміз табиғатынан жүрегі кең, ақ көңіл, шыншылдығымен, еңбекқорлығымен халықтың құрметіне бөлене білген. Аяулы әкемізді сағынышпен еске ала отырып оның ғазиз рухына Алладан медет, пайғамбарымыздан шапағат, иманың жолдас болып, қабірің нұрға толып, жатқан жерің жайлы болсын дейміз. Сағынышпен еске аламыз әкешім, Білім берген, ақыл берген данамамыз. Иманыңыз қабіріңе сыймасын, Аяулы да біздің асыл әкеміз.

Еске алушылар: жұбайы – Қамажай, балалары, немерелері, шөберелері және келіні, күйеу балалары.



"Новотроицк-1" ЖШС Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220 заңының 45 бабының 1,2 тармақтарына, 46 бабының 1 тармағына сәйкес:

1) 2016 жылғы "26" желтоқсанда сағ. 09.00-де мына мекенжайда: Қарабалық ауданы, Новотроицк селосы, "Новотроицк-1" ЖШС кеңсесінде атқарушы органның бастамасы бойынша қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы мынадай күн тәртібімен болатынын хабарлайды:

Күн тәртібінде (мәселе):
Серіктестіктің бірден бір атқарушы органын құру ("Новотроицк-1" ЖШС директорын сайлау).

Көкемтігі егіс және жиын-терін жұмыстарын жүргізуге заем, несие, қаржыландыру алу үшін және/немесе ауыл шаруашылығы техникасын және өзге де техниканың өз қажеттілігі үшін лизингін рәсімдеу үшін "Аграрная кредитная корпорация" АҚ-ға, "КазАгроФинанс" АҚ-ға жүгіну, 200 000 000 теңге шегінде "КазАгроФинанс" АҚ-ға және 350 000 000 теңгеге дейін "Аграрная кредитная корпорация" АҚ-ға жүгіну, соның ішінде міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін жылдық сыйақы мөлшерлемесі 20%-дан артық емес 10 жылдан аспайтын мерзімге "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның және/немесе кез келген екінші деңгейдегі басқа банктің кепілдігімен, жүгіну туралы.

"Новотроицк-1" ЖШС-нің директорына "Новотроицк-1" ЖШС-нің атынан несие келісім-шарттарына, қаржылық лизинг шарттарына, кепіл шартына, жылжытын/жылжымайтын мүліктің кепіл шарттарына, кредит, заем, лизинг, кепілдік алу туралы кез келген басқа келісімдер мен шарттарға қол қою өкілеттігін беру.

"Аграрная кредитная корпорация" АҚ, "КазАгроФинанс" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-на және/немесе кез келген екінші деңгейдегі басқа банктерге және қаржылық ұйымдарға "Новотроицк-1" ЖШС-нің міндеттемелерін орындамаған және тиісінше орындамаған жағдайда кепілдік мүлкі сөттен тыс өткізуге келісім беру.

2) 2017 жылғы 17 наурызда сағ.09.00-де мына мекенжайда: Қарабалық ауданы, Новотроицк селосы, "Новотроицк-1" ЖШС кеңсесінде атқарушы органның бастамасы бойынша қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы мынадай күн тәртібімен болатынын хабарлайды:

Күн тәртібінде (мәселе):
Жылдық қаржылық есептілікті бекіту және 2016 жылғы таза табысты бөлу.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220 заңының 47 бабына сәйкес ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу тәртібі.

"ТОО "Новотроицк-1" в соответствии с п.1,2 ст. 45, п.1 ст.46 Закона Республики Казахстан от 22 апреля 1998 г. №220 сообщается, что:

1) 26.12.2016 г. в 09 часов 00 минут по адресу: Карабалыкский район, село Новотроицкое, контора ТОО "Новотроицк-1" по инициативе исполнительного органа состоится внеочередное общее собрание участников с предлагаемой повесткой дня:

Повестка дня (вопросы):
Образование единоличного исполнительного органа товарищества (избрание директора ТОО "Новотроицк-1").

Обращение в АО "Аграрная кредитная корпорация", АО "КазАгроФинанс" по вопросу получения займа, кредита, финансирования на проведение весенне-полевых и уборочных работ и/или оформления лизинга сельскохозяйственной техники и иной техники для собственных нужд, в пределах до 200 000 000 тенге в АО "КазАгроФинанс" и до 350 000 000 тенге АО "Аграрная кредитная корпорация" в том числе под гарантию АО "Народный Банк Казахстана" и/или любой другой банк второго уровня, или финансовые организации в обеспечение выполнения обязательств со ставкой вознаграждения не более 20% годовых сроком не более 10 лет.

О наделянии полномочиями директора ТОО "Новотроицк-1" на подписание кредитных договоров, договоров финансового лизинга, договоров гарантии, договоров залога недвижимого/движимого имущества, любых других договоров и соглашений для получения кредита, займа, лизинга, гарантии.

Предоставлении согласия АО "Аграрная кредитная корпорация", АО "КазАгроФинанс" АО "Народный Банк Казахстана" и/или любым другим банкам второго уровня и финансовым организациям на внесудебную реализацию заложенного имущества в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств ТОО "Новотроицк-1".

2) 17 марта 2017 года в 09 часов 00 минут по адресу: Карабалыкский район, село Новотроицкое, контора ТОО "Новотроицк-1" по инициативе исполнительного органа состоится внеочередное общее собрание участников с предлагаемой повесткой дня:

Повестка дня (вопрос):
Утверждение годовой финансовой отчетности и Распределение чистого дохода за 2016 г.

Порядок проведения общего собрания участников товарищества с ограниченной ответственностью в соответствии со ст. 47 Закона Республики Казахстан от 22 апреля 1998 г. №220 "О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью".

Жұмыссыз азаматтың құқығы қорғалды

Облыстық соттың баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, сот "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ-ның Қарабалық аудандық сотының шешіміне келтірген шағымы бойынша азамат И.-дің 93 647 теңге көлеміндегі жұмысынан айырылуы жағдайына орай алған әлеуметтік төлемді заңсыз деп кері қайтару туралы азаматтық істі қарады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің шешімімен жауапкер 2013 жылдың 2 тамызынан 1 желтоқсаны аралығында жұмысынан айырылуы жағдайына байланысты әлеуметтік төлем ретінде 34315 теңге алып отырған. Алайда, жұмыссыз ретіндегі тізімнен жауапкер 19 тамызда шығарылған көрінеді. Осы себепті талапкер

азаматтың 93 647 теңге көлемінде артық алған төлемін қайтаруды сұрайды.

Жауапкер сотта өзінің әр он күн сайын еңбекпен қамту бөліміне келіп белгіленіп тұрғанын және әлеуметтік төлем алған 4 айда жұмыссыз болғанын айтады. Ал, оның жұмыссыздар тізімінен шығарылғандығы туралы оны ешкім хабардар етпе-

ген.

Шағымданушы тарап жауапкер тіркелуге уақытылы келмегендіктен тізімнен шығарылды деген уәж айтқанымен, оны сот отырысы барысында дәлелдей алмады. Осы себепті сот жауапкер заңды негізде әлеуметтік төлемдерді алып отырды деген қорытынды жасады.

Азаматтық істі қарау нәтижесі бойынша "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ-ның шағымын қанағаттандырусыз қалдыруға шешім шығарды. Азаматтық істер бойынша сот алқасы бірінші сатылы сот шешімін өзгеріссіз қалдырды.

Шешім заңды күшіне енді.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.



Көмек қолын созады

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Сонау 1941-45 жылдардағы неміс-фашистерге қарсы Ұлы Отан соғысына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де ата-әжелеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Солардың бірі Ұлы Отан соғысының ардагері, ІІМ-нің отставкадағы майоры Данил Надырбаев. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курс басшылығы мен курсанттары ардагерімізбен жиі хал сұрасып, жағдайын біліп, әрқашан көмек қолдарын созып тұрады.

Ардагер атамыздың сырқаттанып қалға-

нын естіген Академияның тәрбие бөлімі бастығы, полиция полковнигі Балым Хозедиясқызы, IV курс басшылығы мен курсанттары ІІД ауруханасында жатқан ардагерімізге барып, қал-жағдайын біліп қайтты. Хал сұрасып келген академия ұжымын көрген ардақты ардагеріміздің көңілі марқайып, қуанып қалды. Курсанттарымыз ардагерімізбен әңгімелесті, академия жаңалықтарын айтты, естелікке суретке түсті. Әңгіме соңында атамыз академия ұжымына өзінің ізгі тілегін білдірді.

М.ҚАБЫЛДИН,
Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының полиция лейтенанты.

Спорттық сайыс өтті

Қымбат
ДОСЖАНОВА

«Нұр Отан» партиясы Қостанай қалалық филиалы қаладағы көмелеттік жасқа толғамандарды бейімдеу орталығында спорттық сайыс ұйымдастырды. Балалар асық ату және тоғызқұмалақ спортынан өзара жарысты.



Аталған іс-шара партияның «Бақытты балалық шақ» және «Ұлы дала елі» жобалары аясында өткен болатын. Қостанай қаласындағы көмелеттік жасқа толғамандарды бейімдеу орталығында қазіргі күні 11 бала тәрбиеленіп жатыр. Соның бесеуі ұл, алтауы қыз. Олардың жастары әртүрлі. Ең кішісі 4 жаста. Аталған мекемеге жыл басынан бастап бүгінгі күнге дейін 192 бала түскен.

— Балалар қалалық және аудандық білім бөлімдерінің қаулысымен осы мекемеге жіберіледі. Мекемеде жеті

тәрбиеші бар. Олар ауысым бойынша жоспарға сай жұмыс істейді. Балалар сабақ кестесіне сәйкес оқиды. Бос уақыттарында мәдени іс-шараларға қатысады. Олармен қосымша педагогтар жұмыс істейді. Балалар бір айдан үш айға дейін осында болады. Белгіленген уақыт ішінде ата-аналары жағдайларын дұрыстаса, балалар отбасына қайтарылады. Үйдегі жағдай оңалмаса, бала мемлекеттік мекемелерге, облыстық балалар үйіне, интернаттарға жіберіледі. Оның бәрі соттың шешімімен жүзеге асады, — деді орталықтың әлеуметтік педагогы Мөлдір Омарова.

ЖАН АЗЫҒЫ

Қоңиі сырғы

(Көсемсөз шебері Жақсылық Жүнісұлының жаңа жинағы хақында)

Шынымды айтайын, Жөкеңнің кітабын қолыма алып тұрсам болды, лүп-лүп етіп соғып тұрған жүрегінің тынысын сезгендей боламын. Ашып оқи бастағаннан-ақ, сол жүректен шыққан бір тылсым жылы леп тұла бойыңызды кеу-кеулеп, шым-шымдап тарай бастайды. Себебі, Жақсылық көкемнің құдіреті — тілінде. «Көшкенде сарбалапандай үрпінсіп, түйенің үстіндегі қоршаудан қызыға төмен қараған күндер-ай» — деп қараңғы түнде жол кесудің шебері Ор-көкесін (әкесі) сағына сөз тізбектесінен-ақ ардаемген тілі магниттей тарта беретін, сондай бір биязы, сипасаң үлпілдеген ұлпайдай, алақаныңызға бір жылы да жұмсақ тиетін мақпалдай тіл. Өзі айтқандай, «қазақы сөздің дәмін дәл ажырататын» кісі. Сондықтан да астында «Жақсылық Жүнісұлы» деген қолы бар дүние көрсем оқып тастауға асығатыным рас. Осы жолы да солай болды.

Қостанайдағы «Шапақтан» шыққан бойы «Топжарғандар туралы толғауын» Жөкең маған қолтаңба жазып, ұсына сала, қостанайдың сары аязына ұрынбайын деді ме, кешкі пойызымен Арқалығына аттанып кетті.

Үйге «Топжарғанды» ала келе, оқып отырым. «Екі рет insult алғаннан кейін құдіреті күшті Алланың қолдауы, қостанайлық, арқалықтық қаламдастарымның қошаметтеуі қайыра қолыма қалам ұстатып, біраз мақаланы дүниеге келтірген болатынымын» деп сыр жасыруға олақ пейілімен арнау жазыпты. Бұдан бұрынғы Жөкеңнің бір жинағына курстасы Серік Әбдірайымовтың: «Қалғуды білмейтін қыран секілді. Адам жанын зерделеп, адам еңбегін жырлаудан танбай келеді» — дегені есіме түсті. Есіме түсірген — жаңа жинағындағы жазбалары. Мұнда да Жақсылық Жүнісұлы өзі білетін, көзі көрген кейіпкерлерінің қазақи қасиеттерін, яғни қазақи рухани дүниесінен сыр суыпқақтаған. «Жастықшақтың қызықтытары сағымға айналғалы болашағымнан үлкен үміт күткен шоғырды сағынамын» — дейді автор. Бұл шыны. Өз заманының көрнекті ақын-әдебиетшісі Қайнекей Жармағанбетов Жөкең берген қолтаңбасында: «..Өнеріңе қызғаншақ бол. Азырқанба. Арзан болма. Ашулылық — асқақтық емес. Өзіңді артық санама. Артығын алып таста да, керегін ал. Ағаң Қайнекей, 1969 жыл». Қазіргі аға буын қолтаңбасынан осындай талапты кездестіре аласыз ба?!

Халық Қаһарманы Роза Бағланова Жөкеңмен әңгімесінде соғыс жылдары Сталиннің қабылдауында болғанын, сонда алып Кеңес мемлекет басшысы киген кителінің жеңі мен етегі қырқылаған, етігінің басы мен өкшесі қажалғанын көріп, оның қарапайымдылығына таңғалғанын айтады. Ал, Ғафу Қайырбеков туралы «өлең оқығанда көзінен от ұшқындап, арқасына жал бітетінін байқағанмын» деп жазады. Осы әсесіде Ғафу туған жеріне келгенде балаға айналып, қонақта сыр талғамайтынын қарындасы Күләш «Әп-әйдік басыңмен еркелегенің не?» деп ерсі көрген. Сонда ағасы: «Күләш-ау, бүкіл Қазақстан алақанында аялаған ағаң өкпелегеніңе жол болсын» депті. Жалпы, аңғал да ақжелең жұртпыз: «газетке біріміздің өлеңіміз, енді біріміздің мақаламыз басылса, кеудемізді мақтанып сезімі кернеп, қыстың қақаған аязында да омырауымызды ашып тастайтынбыз» дейді Жөкең.

Жақсылық көкеміз қазақ жырының ақиығы Төлеген Айбергеновті көріп, дидарласқан кісі. Төлеген ақын Әуезов мұражайында өлең оқиды. «Аяқталғасын залға үңілсем, 18 адам қол соқпай жайбарақат отыр. Сонда мен қанша дұшпанын барын сездім» десе, Жөкең: «Жұрт қазақ поэзиясына жаңа түр, екпін, мазмұн әкелген ақынға да қызғанышпен қараған ба?» деп іштей мүжілдік» — деп жазады.

Кітапта қарашаңырағымыз «Қостанай таңы» газетінде әр жылдары қызмет істеген ағаларымыздың мінез-құлқы, әдет-әдебінен хабар беретін, газет қызметінен шым-шым штрихтар көзкөргендердің зердесінде қалғандарға түрткі болары анық.

Жинақта қазақы қауымда әлі күнге дейін көңілге қаяу, жүрекке дерт салатын жағдаяттар хақында бірнеше мақала бар. Соның бірі, қазақ гүрпындағы асырап алған бала дүниеден озғанда оны асырап, өсірген әкесі емес, қанымен жаратқан әкесінің атымен жазу, немесе «құдай алдында сұраусыз» деп бауырына салған баланың тағдырын неге сан-саққа жүгіртеміз? — деп нақты мысалдармен ой қозғайды.

Қысқасы, әріптес ағамыздың жинағының айтары бар.

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ.

Газеттің келесі саны 25 қараша, жұма күні шығады.

Меншік иесі:

«Қостанай таңы» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың
орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25.
Жарнама бергіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның
мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Қостанай таңында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
А — ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет «Қостанай таңының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10750. Тапсырыс 2379.

Немірдің кезекші редакторы Қ.ОСПАНОВА.